



Республикалық жастар газеті Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№28 (617)
17 шілде,
2025 жыл



Малика АЛДАМЖАРОВА:

ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТКІМ КЕЛЕДІ

Қазақ халқының рухани-мәдени мұрасының алтын діңгегі – жыраулық өнер. Бұл өнер түрі тыңдарманға рух сыйлап қана қоймай, ұлт тарихын ұрпақ жадына сіңірудің айрықша құралы саналады. Жыраулық дәстүр көне түркі дәуірінен бастау алады. Орхон жазбаларындағы Күлтегін мен Білге қаған жазбалары соның дәлелі. Ал қазақ хандығы тұсында жыраулар мемлекеттің рухани кеңесшісі, ханға бағыт көрсеткен айтулы тұлғалар атанды. Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Жиенбет, Бұқар сынды жыраулардың әрқайсысы өз заманының жүгін аркалап, сөзбен елді ұйыстыра білді.

Бүгінде жыраулық өнер ұмыт қалған жоқ. Жас буынның орындауында жаңғырып, жанданып, жаңаша сипатта насихатталып жүр. Бұл – халқымыздың рухани иммунитеті әлі де тірі деген сөз. Тарихы терең төл өнерімізді түлеткен жас жыршы-термешілердің бірі – Малика Алдамжарова. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында 2001 жылы дүниеге келген ол бірнеше облыстық, республикалық және халықаралық өнер сайыстарына қатысып, жеңімпаз атанған жас дарын.

Жуырда ғана Түркияның Анкара музыка және бейнелеу өнері мемлекеттік университетінде «Музыкатану» бағыты бойынша магистр атанған жерлесімізге байланысқа шығып, сұхбат алудың сәті түсті.

– Дәстүрлі өнерге алғаш неше жасыңызда қызығушылығыңыз оянды?

– Дәстүрлі өнерге қызығушылығым мектеп қабырғасында, нақтырақ айтсам, 3-4 сынып оқып жүрген кезімде оянды. Бұл жолға бет бұруыма көршіміздің қызы – Жұлдызай себепкер болды. Ол менен бір сынып жоғары оқитын. Музыка мектебінде жыр-терме бағыты бойынша білім алатын, ал анасы – күйші. Жұлдызай мектептегі түрлі іс-шараларда жыр орындағанда, ерекше қызығып қарайтынмын.

Сол кезден бастап мен де жыраулар үйінде немесе музыка мектебіндегі жыр-терме үйірмесіне қатысқым келетінін анама жеткіздім. Анам әуелде бұл ойыма қарсы болды. Соған қарамастан, төртінші сыныпта оқып жүргенімде «домбыра» үйірмесіне қатыса бастадым.

Айта кетерлігі, ең алғаш жыр мақамына сай домбыра тартуды Жұлдызайдан үйрендім. Өзіне өтініш жасап, үйімізге шақырып алатынмын. Қызығы – «Гойбастар» әнін алғашқы күні-ақ үйреніп алғаным әлі күнге дейін есімде.

– Ең алғаш байқауға қатысқан кезіңіз туралы айтып беріңізші. Қандай әсерде болдыңыз?

– Нақты есімде жоқ, шамамен 6 немесе 7 сыныпта оқып жүргенімде Байқоңыр қаласында өткен «Мой родной край» атты байқауда жыр орындап, бірінші орынды иеленген едім. Сол сәттегі қуанышымды сөзбен жеткізу мүмкін емес. Жүрегімде ерекше сенім оянып, «демек дәстүрлі өнерге дұрыс қадам басыппын» деген ой түйдім. Сол жеңіс мені шабыттандырып, өнер жолына нық қадам басуыма себепкер болды.

5-бетте

АҚЫЛЫ ОҚУ:

БІЛІМ АЛУ АРМАНҒА АЙНАЛЫП БАРА МА?

2024-2025 оқу жылы да тарих қойнауына енді. Мектеп бітірушілердің жаңа толқыны ересек өмірге жол тартты. Ресми дерекке сүйенсек, биыл жалпы саны 10 325 түлек мектеппен қош айтысты. Оның ішінде 9 646 жас өрен мемлекеттік мектептерді тәмамдап, 679 оқушы жеке меншік білім ордаларынан қанат қақты.



Сурет шық дерек көзден алынды. Қолжаз А.Ж

Түлектердің жетістігі де айтарлықтай. 756 шәкірт «Алтын белгі» төсбелгісін кеудесіне тақса, 1 028 түлек қызыл аттестаттың иесі атанды. Бұл – білім мен табандылықтың айқын нәтижесі.

Мемлекеттік грантқа өтініш тастау статистикасын да бір шолып өтейік. 2025 жылы конкурсқа қатысу үшін талапкерлер

104 мыңнан астам өтінім берген. Оның ішінде 5 мыңнан астамы eGov.kz порталы арқылы жіберілді. Биыл да дәстүр жалғасып, Ұлттық бірыңғай тестілеуді (ҰБТ) 210 мыңнан астам талапкер тапсырған. Оның ішінде 76,5%-ға жуығы қазақ тілінде, 23,5%-ы орыс тілінде, 149 адам ағылшын тілінде тестілеуден өтті.

Қазақстанда 13 шілдеден бастап білім беру гранттарын тағайындау байқауына қатысу үшін өтінім қабылдау басталды.

Жыл сайын мыңдаған жас арманның

кемесіне мініп, білімнің үлкен айдынына бет түзейді. Алайда сол арманның көкжиегінде шарықтау бар ма, жоқ па – бәрі қаржылық мүмкіндікке барып тірелетіні ақиқат. Грант алмасаң, ақылы оқу «сағынды сындыратын» ауыр салмақ болатыны жасырын емес

4

ШЕТЕЛГЕ НЕГЕ АСЫҚТЫҢ, ҚАЗАҚ БАЛАСЫ?

Бұл тақырыпта жылда мақала жазып, мәселені ауық-ауық көтеруге тырысамыз. Бірақ беталысы басқа ел болған жастардың таңдауына харекетіміз шамалы. Білім алып, ғылым жолында біліктілігін арттырып келсе, бек қуанамыз ғой, тек, санасын тұрмыс билеп, өзге елдің қожалығына қызмет етпесе дейсің. Елді дамыту мәселесі біздің мемлекетте де өзекті. Ал осы күш жастарға түскенде, жүйе де, жүйесіздік те бір жолға түсіп, он өзгеріс байқалып қалар деген ой бар. Жә, арман-тілек көп, осыны мақсатқа айналдырсақ болды...

Жастардың шетелге кетуі – бүкіл әлемде маңызды мәселеге айналып отырған құбылыс. Халықаралық ұйымдар дерегі бойынша, кейінгі жылдары студенттік көші-қон мен еңбек миграциясы қарқынды өскені байқалады. Мысалы, 2022 жылы әлемде білім алатын шетелдік студенттер саны 6,9 миллионға жеткен. Бұл көрсеткіш одан 20 жыл бұрын, яғни 2002 жыл 2,5 миллион болған еді. UNESCO және басқа да зерттеулер жастардың сапалы білім, еңбек нарығында жоғары жалақы іздегісі және әлеуметтік-экономикалық

қолайсыздықтар секілді себептерге байланысты шетелге кетіп жатқанына назар аударып, талдаулар жүргізді. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (OECD) есептері бойынша, 2023 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы елдерінде 2,1 миллион жаңа халықаралық студенттік виза берілген. Бұл үрдістерді ескере отырып, көптеген мемлекет білім беру мен еңбек нарығына ашықтық енгізіп, халықаралық бағдарламалар арқылы жастарды қолдауға ұмтылуда.

3



**АУЫР АТЛЕТТЕР
АЗИЯ
ЧЕМПИОНАТЫНДА
ТОП ЖАРДЫ**

7



**ТЕНДЕР –
ТАБЫС
КӨЗІ**

8



ШАРШЫ АЛАҢДЫ ШУЛАТҚАН ШЕБЕРЛЕР

Өткен аптада арқа төрінде бокстан әлем кубогы өтті. Бокс сүйер жанкүйер бөркін көкке атып, әрбір рингке көтерілген қазақ баласы үшін тақым қысты. Аренада ине шаншыр орын болмай, Санжар Тәшкенбайға тамсанып, Бекзат Нұрдәулетовке болысып, Виктория Графееваның камбәгін тік тұрып тамашалады. Мұны көрген шет елден келген қонақтар қазақ боксын алып державаға тектен-тек теңемейтінін түсінді.



7-бетте



ШИЕЛІ: инфрақұрылым жаңғырығы

Қызылорда облысындағы серпінді дамып келе жатқан аудандардың бірі – Шиелі өңірінде халық игілігіне бағытталған іргелі жобалар жүйелі түрде жүзеге асуда. Әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы аудан тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты қадамдардың нәтижесі.

Осы мақсатта республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арнайы баспасөз туры ұйымдастырылып, жаңадан ашылған және құрылысы қарқынды жүріп жатқан әлеуметтік нысандар таныстырылды.

БАҚ өкілдері сапарын қантар айында есігін айқара ашқан «Руханият орталығынан» бастады. Құны 1,6 млрд теңгені құрайтын бұл орталық ауданның мәдени және рухани өміріне тың серпін береді. Екі қабатты заманауи ғимаратта түрлі шығармашылық және зияткерлік үйірмелер ұйымдастырылып, тұрғындардың мәдени сұранысын қанағаттандыруға бағытталған. Жаңа орталық Шиелінің рухани тынысын кеңейтіп, өскелең ұрпақтың тәрбиесіне қызмет ететін маңызды ордаға айналмақ.

Келесі бағыт – 200 орындық

Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебінің құрылысы болды. Бүгінде нысанның 50%-ы аяқталып, құрылыс қарқынды жүргізілуде. Бұл қос білім және өнер ордасын қыркүйек айында толықтай пайдалануға беру жоспарланып отыр. Аталған нысандар аудан балаларының шығармашылық қабілетін дамытуға және қосымша білім алуына мол мүмкіндік ұсынады.

Бұдан бөлек, журналистер «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ашылған бизнес-инкубатордың жұмысымен танысты. Сонымен қатар 30 төсектік жұқпалы аурулар бөлімшесінің құрылысы, аудандық аурухана жанындағы МРТ орталығы, жаңа спорт кешені мен күрделі жөндеуден өтіп жатқан Ыбырай Алтынсарин атындағы мектептің құрылыс барысы да назардан тыс қалған жоқ. Баспасөз туры барысында аудан орталығындағы негізгі

көшелерді, алаңдарды және вокзал аумағын абаттандыру жұмыстары да көрсетілді.

Шиелі ауданында жүзеге асырылып жатқан бұл ауқымды жобалар елді мекеннің экономикалық дамуын жеделдетіп, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған нақты істердің көрінісі. Жаңадан бой көтерген әрбір нысан халық игілігіне қызмет етіп, ауданның келбетін одан әрі жақсартуға серпін береді.

Алдағы уақытта да Шиелі ауданында инфрақұрылымды жаңғырту және өмір сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табатыны анық. Әлеуметтік өрлеуге жол ашқан осындай жобалар ауданның дамуына жаңа қарқын беріп, тұрғындардың жарқын болашағының берік негізіне айналмақ.

«АЖ» ақпарат

ЖАҢАҚОРҒАН – ЖАҢҒЫРУ МЕН ДАМУДЫҢ МЕКЕНІ

Жаңақорған ауданы бүгінде серпінді дамудың даңғыл жолына түскен аймақтардың біріне айналып отыр. Экономика, инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлік салаларында ауқымды жобалар іске асырылуда. Осы жұмыстардың барысымен танысу мақсатында арнайы баспасөз туры ұйымдастырылып, БАҚ өкілдері аудан орталығы мен ауыл-аймақтарды аралап, нақты өзгерістерге көз жеткізді.

Тілшілер сапарын Жаңақорған кентіндегі жаңадан пайдалануға берілген аспалы көпірден бастады. Аталған нысан 15 елді мекеннің 22 мыңнан астам тұрғынын «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізімен тікелей байланыстыратын стратегиялық маңызы бар жоба. Бұрын тұрғындар айналма жол арқылы қатынаса, енді уақыт пен қаражат үнемделіп, жүріп-түру әлдеқайда жеңілдеді. Көпірдің екі жағына жаяу жүргіншілерге арналған жол мен түнгі жарық шамдары орнатылған. Жобаның жалпы құны – 1,4 млрд теңге.

Бұдан кейінгі бағыт – «Жаңақорған Автоматландырылған Газ Тарату Стан-



циясы». Қуаты екі есеге арттырылған бұл нысан іске қосылғанда 8 елді мекеннің 11 мыңнан астам тұрғыны көгілдір отынмен қамтылмақ. Құны 2,3 млрд теңге болатын жоба бүгінде 98%-ға орындалып тұр.

Сапар барысында журналистер қауымы Қыраш ауылдық округіндегі «Қадіржан» жеке кәсіпкерлігінің сабын шығару цехында да болды. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ашылған бұл шағын өндіріс күніне 100-200 дана сабын шығарады. Бұл бастама – жергілікті кәсіпкерліктің даму бағытындағы сәтті қадамының айғағы.

Баспасөз турының тағы бір маңызды нысаны – Шалқия кентіндегі жаңадан салынған асфальт зауыты. 6 гектар аумақта орналасқан өндіріс орны Индустрияландыру картасына енгізілген. Зауыт іске қосылған соң ауданның жол құрылысы сапалы материал-

мен қамтамасыз етіледі және 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылады.

БАҚ өкілдері сондай-ақ Жайылма ауылындағы «Мырзатай» шаруа қожалығының жұмысымен танысты. Сыр бойына белгілі Жайылманың атакты қарбызын өсіретін ірі шаруашылық биыл 3 гектар алқапқа қарбыз еккен. Қожалық жетекшісі Нұрсұлтан Ходжаевтың айтуынша, ерте көктемде егілген өнім қазір толықтай пісіп, нарыққа жол тарта бастаған. Жайылманың қарбызы өзінің табиғи нәрімен және күннің қызуымен толықтай жетіліп, дәмі мен сапасы арқылы жоғары сұранысқа ие. Қарбыздар жергілікті нарықпен қатар еліміздің өзге өңірлеріне де жөнелтілуде.

Тілшілер турының соңғы бағыты Екпінді елді мекеніндегі инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым, соның ішінде жаңа электр желілерінің құрылысымен танысу болды. Жоба аясында 936 тұрғын сапалы және тұрақты электр энергиясына қол жеткізеді.

Жалпы баспасөз туры барысында ауданның әлеуетін арттырып жатқан бірқатар ірі жобалар таныстырылды. Жаңақорған ауданы қарқынды жаңару мен өркендеу жолындағы әлеуетті өңір екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

«АЖ» ақпарат



ЖАСТАР

жаңалықтары



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ПЕН АЛАЯҚТЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Қала әкімдігінің қоғамдық даму бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысына сәйкес «Қызылорда облысының жастар Одақтары» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ақпараттық түсіндірме жұмыстарын, адам саудасы мен құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған шараларды ұйымдастыру» жобасы аясында «Сыбайлас жемқорлық және алаяқтық – қоғам дерті» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелге Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің комплаенс офицері, Түрік этномәдени бірлестігінің жетекшісі және БАҚ өкілдері, қоғам белсенділері қатысты.

Іс-шара барысында модератор, яғни «Қызылорда облысының жастар Одақтары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ж.Алдабергенов қала әкімдігінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысына сәйкес «Сыбайлас жемқорлықтың ал-

дын алуға бағытталған ақпараттық түсіндірме шараларын және адам саудасының алдын алуға бағытталған шараларды ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы жүзеге асырылып жатқанын баяндады.

Сонымен қатар құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында құқық қорғау органдарымен бірлесіп, әрбір кезекті айда екі рет профилактикалық рейдтік шаралар жұмыстар жүргізіліп жатқанына тоқталды.

Дөңгелек үстелде «AMANAT» партиясының облыстық филиалының партиялық бақылау инспекторы А.Ш.Жарылқасынов партиялық бақылау және партия жанындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі кеңесте талқыланған мәселелер және атқарылған жұмыстар туралы сөз сөйледі.

Жиынға қатысушылар өз ойларын ортаға салып, ұсыныстарын жеткізді. Сондай-ақ сала мамандарына көкейтесті сауалдарын қойып, тұщымды жауаптарын алды.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ – 65 ЖЫЛДЫҚ КОЛЛЕДЖ ТАРИХЫНЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында Арал қонсалалы колледжінде «Жұмысшы мамандықтары – 65 жылдық колледж тарихының алтын арқауы» атты семинар өтті.

Семинарға ауданы әкімінің орынбасары Н.Бохасев, Қызылорда облыстық білім басқармасының директорлар кеңесінің төрағасы, М.Саламатов атындағы қызмет және сервис көрсету колледжінің директоры Б.Ахметов, Қызылорда облысы білім басқармасы, оқу орталығы (әдістемелік кабинет) техникалық және кәсіптік бөлімінің әдіскері Ұ.Танмамбет, «AMANAT» партиясы Арал аудандық филиалының атқарушы хатшысы Т.Қанатов, Аудандық кәсіпкерлер палатасының директоры Н.Ембергенова, Арал аудандық «Ман-

сап» орталығының директоры Ж.Алдашев, Қазақстан Журналистер Одағының, Халықаралық Жазушылар Одағының мүшесі Ерғали Абдулла, Арал аудандық Жастар ресурстық орталығының директоры Б.Сұлтанязов және әлеуметтік серіктестер, колледж директорлары мен орынбасарлары және колледж ардагерлері қатысты.

Шара барысында «Ауыл шамшырақтарын түлеткен білім ордасы» атты кітаптың тұсаукесері өтті.

Семинар соңында әлеуметтік серіктестерге облыстық білім басқармасы басшысының алғыс хаты табыс етіліп, тағылымды шара мерекелік концертке ұласты.

ЕРІКТІЛЕР «ЖАС ШЕБЕР» КӨРМЕСІМЕН ТАНЫСТЫ

Биылғы «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында волонтерлар тобы «Бауыржан пластик өңдеу кешеніне» барып, пластик қалдықтардың қалай сұрыпталып, қайта өңделетінін көзбен көріп, толық танысып қайтты.

Экскурсия барысында волонтерлар пластикті

сұрыптау мен өңдеу үдерісін бақылады. Сондай-ақ экологиялық білімін тереңдетіп, қайта өңдеу арқылы табиғатты қорғаудың маңыздылығын түсінді.

Мұндай жаңа бастамалар жастардың экосана қалыптастыруына үлкен серпін беретіні сөзсіз.

ЖАС СУРЕТШІЛЕР БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Аудандық Жастар ресурстық орталығы және «Қызылорда облысының жастар одақтары» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында жастар арасында суретшілер байқауы өткізілді.

Байқау нәтижесі бойынша жеңімпаздар анық-

талып, I орынды Нұрдаулет Яхия иемденсе, II орынды Іңкар Оралханқызы, ал жүлделі III орынды Үмітгүлім Манабекова еншледі.

Байқауға белсене қатысқан барлық жас суретшілерге арнайы дипломдар мен сыйлықтар табысталды.

АУДАН ЖАСТАРЫ САЯБАҚТА ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ

Мемлекет басшысының бастамасымен ұйымдастырылған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық жобасы аясында аудандағы Лияс Қабылов саябағында аудан жастарының қатысуымен тазалық жұмыстары өткізілді.

Елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту, тұрғындар арасында қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыру және табиғатқа жанашырлықпен қарауды насихаттау мақсатында ұйымдастырылған ауқымды тазалық жұмыстарына ауданның белсенді азаматтары, жастар ұйымдары, еріктілер және қоғам белсенділері бір адамдай жұмылып, саябақ

аумағын күл-қоқыстан тазартып, жасыл аймақтарға күтім жасады.

Сонымен қатар тұрмыстық қатты қалдықтар арнайы орындарға шығарылып, демалыс аумағы ретке келтірілді. Аудандағы әлеуметтік желі белсенділері өз жазбалары арқылы қоғамды қоршаған ортаны қорғауға, табиғатқа жанашырлықпен қарауға шақырды.

Шара соңында ұйымдастырушылар аудан тұрғындарын табиғатты таза ұстауға, қоғамдық орындарға жанашырлық танытуға шақырып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға баршаны белсенді атсалысуға үндеді.

ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында жастар ісі жөніндегі кеңестің II отырысы өткізілді.

Отырыста жастар арасындағы өзекті мәселелер қаралып, бірнеше бағыт бойынша баяндамалар тыңдалды. Оның ішінде жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстар жөнінде айтылып, жастар арасындағы

жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында қабылданып жатқан шаралар талқыланды.

Ауылдық жерлерде жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағытындағы жұмыстар жолға қойылды. Кеңес қорытындысымен тиісті бөлімдерге нақты тапсырмалар жүктеліп, бірқатар ұсыныстар қабылданды.

«САУЫСКАНДЫҚ» ТАУ ШАТҚАЛЫНА ТАНЫМДЫҚ ЭКСКУРСИЯ

Аудандық қоғамдық даму бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» және «Салауатты өмір салтын насихаттау және жастар шығармашылығын дамыту» әлеуметтік жобасының ұйымдастыруымен аудандағы жұмыссыз, волонтер, белсенді, өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жас мемлекеттік қызметкерлер «Сауыскандық» шатқалына танымдық экскурсияға барды.

Қаратау етегіндегі мыңжылдық тарихы бар петроглифтерді көру барысында Нартай Бекежанов музейінің қор сақтаушысы Нұрдаулет

Нақыпов жастарға тасқа кашалған таңбалардың мән-мағынасын түсіндірді.

Қола дәуірінен бүгінге жеткен суреттерде сол кездегі тұрмыс, аңшылық пен салт-дәстүр көрініс тапқаны айтылды.

Сактық шаралары аясында жастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экскурсияға Шиелі аудандық көпбейінді орталық ауруханасының медицина қызметкері және полиция қызметкері де бірге барды. Шара соңында жастар Қаратаудың көркем табиғат аясында естелік суретке түсті.

ТАЗА БЕЙСЕНБІ: «ТАҒЗЫМ» МЕМОРИАЛЫ ТАЗАРТЫЛДЫ

«AMANAT» партиясы Жаңақорған аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы аясында Саяси қуғын-сүргін және апаршылық құрбандарына арналған «Тағзым» мемориалына тазалық жұмыстары жүргізілді. Игілікті шараға аудандық партия филиалының

қызметкерлері, «Жалынды жастар» бастауыш партия ұйымы мен «Жастар Рухы» жастар қанатының мүшелері белсенді қатысты.

Акция барысында алаңдағы ескерткіштер тазартылып, қоқыстар шығарылды.

«АЖ» ақпарат

Басы 1-бетте

ШЕТЕЛГЕ НЕГЕ АСЫҚТЫҢ, ҚАЗАҚ БАЛАСЫ?

Көші-қондағы басты фактор не?

Жастардың миграциялық әрекетінің басты себебін білім іздеумен байланыстыруға болады. Сондай-ақ климаттық өзгерістер мен әлеуметтік тұрақтылық та маңызды рөл ойнайды. UNESCO «жастардың шетелде оқуы қарыштап дамып келеді, олардың сапалы білімге қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет» деп дабыл қағып жатыр. Өйткені студенттер Erasmus+, Fulbright, ТМД гранттары сияқты бағдарламалармен шетелде білім алуға асығып, өзге елдің мәдениетіне қызығады.

Мысалы, 2014-2020 жылдары Erasmus+ студенттеріне 2000-ға жуық грант беріліп, қазақстандық студенттер мен оқытушыларды Еуропаға жіберген. Алайда бұл бағдарламалардан түскен білім мен тәжірибе кей жастардың тұрақты түрде шетелде қалуына себеп болуы мүмкін. Жалпы, халықаралық статистика білім мен еңбек мақсатындағы көші-қонның артып отырғанын көрсетеді. Әлем бойынша мыңдаған студенттер шетелдегі университеттерде білім алуда. 2022 жылы халықаралық студенттердің жалпы саны 6,9 миллионнан асқанын айттық, бұл екі онжылдықта 2,5 есеге өскенін көрсетеді. OECD дерегі бойынша 2023 жылы халықаралық студенттік ағымдар 6,7%-ға өсіп, 2,1 миллион адамға жеткен. Осыған байланысты, Еуропа мен АҚШ, Азия елдері білім экспортына басымдық беріп, студенттер тарту саясатын күшейте түскен.

Қазақстандағы ахуал қандай?

Қазақстанда да жастардың көшу үрдісі артып келеді. Ұлттық статистика бюросының есебіне сүйенсек, 2023 жылы елден кеткендер саны – 12 732 адам, оның ішінде ТМД елдеріне 9948, басқа елдерге 2784 адам. Бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда шамалы төмендеген. Ал шетелден келгендер саны 2023 жылы – 19 136 адам. Бұл – 9 жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Статистикаға қарағанда, көбі техникалық және экономикалық мамандар құрайды. Яғни, шетелге кетіп жатқандардың басым бөлігі техникалық, экономикалық және құқықтық салада білімі бар жоғары білікті мамандар. Қазақстанның ішкі және сыртқы көші-қоны көрсеткіштері 2022-2023 жылдар аралығында оң және теріс бағытта өзгерді. 2023 жылы Қазақстан бойынша эмиграция 16 094 адамды құрап, елдің таза миграциясы 9293 адам-

ды көрсеткен. Миграциялық алма-сым ТМД елдерімен жоғары екені байқалады, келгендердің 86,3%-ы, кеткендердің 77,3%-ы ТМД елдеріне көшкен. Ол елдердің қатарында Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан сияқты көрші елдердің үлесі басым.

UNESCO Институтының жаңа деректерінде Қазақстан халықаралық студенттер санынан әлемде 9-ыншы орында тұр. 2018 жылғы UNESCO есебінде Қазақстаннан 90333 студент шетелде оқып жатқандығы келтірілген, оның 71368-сі Ресейде екені айтылған. Яғни, дәстүр бойынша қазақстандық студенттердің басым көпшілігі Ресей мен Қытай секілді көрші елдерге барады, бірақ соңғы жылдары АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Оңтүстік Корея сияқты дамыған елдерге сұраныс өсіп келеді. Мысалы, «Болашақ» бағдарламасымен оқып жатқан 2023-2024 оқу жылында 1171 қазақстандық оқу грантын алған, оның ішінде АҚШ-та – 576, Ұлыбританияда – 321, Еуропаның басқа елдерінде – 131, Азия елдерінде – 62 адам бар. Қазақстандық жастардың шетелде білім алуының басым бөлігі жеке қаржымен жүзеге асады. «Болашақ» сияқты мемлекеттік гранттар аз болса да, олар жоғары білікті мамандарды дайындауда маңызды рөл атқарады. Қазақстанның жоғары оқу орындарының бүкіл саны 642 мың адам, оның 255,7 мыңы мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиды. «Болашақ» бағдарламасы қатысушылары жалпы санның небәрі бірнеше пайызы ғана мемлекеттік стипендиямен, қалғандарының көбі өз қаражатымен білім алуға шығады. Демек мемлекеттік гранттар білім сапасын көтеруге және кері көші-қонға түрткі болса да, ішкі мәселелерді шешуге әлі жетпейді.

Аймақтағы әл-ауқат


Қызылорда облысы елдегі әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан енді ілгерілеп жатқан өңірлердің бірі. Облыстың халық саны 2025 жылдың басында 846,9 мың адамға жетті, оның 47%-ы қалада, 53%-ы ауылда тұрады. Өңірде жұмыссыздық деңгейі айтарлықтай төмен көрінгенімен, жас мамандарды тартатын үлкен өнеркәсіп немесе қызмет көрсету саласы жаймен деп артып келеді. Бұл аумақтың ауылшаруашылығына тәуелділігі, сондай-ақ кәсіпорындардың шектеулі болуы жастардың басым бөлігін мегаполистерге немесе үлкен қалаларға көшуге мәжбүр етеді. 2025 жылдың қаңтар-сәуір айларында Қызылордада жалпы

миграциялық сальдо – 3137 адамды құрады, ішкі миграцияда – 3152, сыртқы миграцияда 15 адам. Яғни облыстағы қалыптасқан сальдоны төмендетуге негізінен ішкі көшу әсер етті. Жастар мен басқа да тұрғындар елордаларға кетіп жатыр. Бұл өңірде жоғары білім сапасының жетіспеушілігі сезіледі. Аймақта білім беру және ғылым саласын дамытуға инвестиция қаралса да, университеттер мен колледждердің халықаралық рейтингі тым жоғары емес екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты Қызылордадан шыққан талантты жастардың көпшілігі оқуын аяқтағаннан кейін елордаларда немесе шетелде мансап құруды жөн көреді. Облыс әкімдігі мен білім саласы мамандары кейде «жастарды қалдыру үшін жұмыс орындарын көбейту керек» деп атап көрсетеді. Дегенмен бұл шаралар әлі жалпылама сипатта. Әзірге аймақта жастар саясатындағы кемшіліктер қатарында біліктілікті арттыру курстары мен кәсіптік бағдар беру жүйесінің әлсіздігі, сондай-ақ ауылдық жердің бәріне инфрақұрылымның жетпегені сеп болып отыр. Шетелге білімін жетілдіруге кеткен Фариза Есмаханнның да пікірі осы. Онымен тілдескенімізде, магистратурасын аяқтап, енді докторантураны да шетелде оқуға ниеттеніп жатқанын жасырмады. Десе де оқу-білім алып болған соң, туған елде қызмет етемін дейді.

– Түркияға магистратура оқуға ғана келгенмін. Бірақ мұндағы академиялық жағдай, оқытушылардың кері байланысы білім алуда жеңілдіктер болатынын байқадым. Білім сапасына байланысты университет ғалымдарына баға бере алмаймын, себебі мен профессор емеспін. Бұл сол мамандардың құзырындағы мәселе. Дегенмен Түркияда еркіндік басым болса, Қазақстанда тәртіп пен құрылым жүйесіне негізделген. Екеуінің де өзіндік оң жақтары бар деп ойлаймын. Содан биыл 3 жылдық магистратурам аяқталды. Енді докторантура оқу ойда бар. Бірақ оны өз елімде оқуым мүмкін. Бұл жақтан үйренгенімді Қазақстандағы алып келіп, еліміздің ғылымына үлес қосқым келеді, – деді ол.

Шетелге көшудің себебі не?

Жұмыссыздық пен жалақының төмендігі бірінші мәселе. Қазақстандағы жалпы жұмыссыздық салыстырмалы түрде төмен болғанымен, өңірлік айырмашылықтар бар. Одан бөлек, бәсекеге қабілеттіліктің төмендігі мен білім сапасына сенімсіздік те менмұндалайды. Әрі аймақтық



тенсіздік пен орталықтандырылған саясат та шетелге көшудің бір себебі. Елде кадр мен инвестиция мегаполистерге бағытталу нәтижесінде облыстар шетте қалады. Билік бағдарламалар мен ресурстарды жергілікті тұрғындарға емес, қала элитасына көп арнағаны жастар арасында көп сынға ұшырайды. Нәтижесінде, облыс жастарында «егер мен қалада, тіпті шетелде болмай, облыста қалсам, дамуым шектеулі» деген наным пайда болады. Бұл ұстаным жастар арасында кең таралғанын зерттеулер мен әлеуметтік сауалнамалар көрсетеді.

Жоғарыда аталған мәселелер өзара байланысты және бір-бірін күшейтеді. Төмен жалақы мен жұмыссыздық жастардың елден кетуге негізгі себебі болса, білім сапасына сенімсіздік мақсатты түрде білім іздеуді күшейтеді. Орталықтандырылған саясат пен өңірлік теңсіздік осы процестерді тудыратын қосымша факторлар ретінде ықпал етеді.

Ал мұның салдары...

Шетелге кеткен жастар Қазақстанға, Қызылорда облысына және өзі үшін әртүрлі салдарға алып келеді. Қазақстан үшін білікті кадрлардың азайғаны – алаңдататын дүние. Елдің дамуы үшін қажетті инженерлік, технологиялық, медицина және ғылыми тұрғыдан дамыған мамандар шетелде қалып қояды. Ауылдық мектептер мен колледждерден шыққан талантты жастар қалаға және одан әрі шетелге ағылып жатыр. осыдан кеп, демографиялық тепе-теңдік те бұзылады, жұмысқа жарамды жастардың саны кеміп, қартаюы көп өңірлерде әлеуметтік мәселелер шиеленісе түседі. Қызылорда үшін миграцияның салдары одан сайын күрделеніп берері сөзсіз. Қалалық және ауылдық жердегі кадр тапшылығы экономика мен әлеуметтік саланы әлсіретеді. Мысалы, білім мен денсаулық сақтау саласында жоғары білікті мамандар жетіспеушілігі байқалады, бұл инфрақұрылымның сапасына теріс әсер етеді. Өз жерінде жұмыс таппаған жастар жергілікті даму жобаларына үлес қоса алмайды, нәтижесінде өңір экономикалық қиындықтарға душар болады. Шетелге кеткен жастардың өздері үшін де артықшылықтары мен қиындықтары бар. Жаңа ортада кәсіби өсу мен тәжірибе алмасу мүмкіндігі көп, бірақ интеграция, тіл мен мәдени айырмашылықтар, отбасынан алыстау сияқты мәселелер кездеседі. Қазақстандық жастар кейде сол елде азиялық немесе басқа ұлт ретінде мойындалмай қалуы мүмкін. Мұндай оқиғалар – көші-қонның әлеуметтік салдарының көрінісі.

Көрші елдердегі көрсеткіш

Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттері де жастардың көші-қоны мәселесімен таныс. Өзбекстан 2022 жылы 150 мыңнан астам студенттің шетелге оқуынан хабарлады. Бұл цифр Үндістан мен Қытайдан кейінгі үшінші көрсеткіш. Қырғызстан халқы шамамен 7 миллионды құрайды, содан болар, шетелде оқитын студенттері онша көп емес. Мысалы, 2021 жылы шамамен 13 мың қырғызстандық Түркия мен

Қазақстанда жоғары білім алып жатқаны белгілі. Қазақстанның шетелде білім алатын жастары Өзбекстанға қарағанда төменірек, бірақ Қырғызстан мен басқа да елдерден әлдеқайда жоғары. Яғни халқы ұқсас Өзбекстанмен салыстырғанда Қазақстан орташа деңгейде болса, көршілес елдерге қарағанда көшбасшы деңгейде тұр. Жүргізілген статистикалық және талдамалық зерттеулер бұл елдердегі айырмашылықтардың жоғары екенін көрсетеді. Өзбекстан мен Қырғызстанда жастардың көбі әлі де Ресей мен Өзбекстан ішіндегі оқу орындарына барады, ал Қазақстандық жастар өзге шетелге бет алады. Еліміз дамушы елдер қатарына кіргендіктен, шетелдегі студенттердің абсолют саны мен сапалық көрсеткіштері бойынша Еуропа немесе АҚШ секілді елдерден төмен. Солармен салыстырғанда, Қазақстан жастар көші-қоны бойынша Орталық Азия аймағында әлемде орташа деңгейде орын алады.

Шешім неде?

Жастардың елге қайтуын ынталандыру және өңірлік теңгерімді сақтау үшін бірнеше шара қабылдау қажет. Біріншіден, жоғары білікті мамандарға арналған ерікті қайтару бағдарламаларын енгізу маңызды. Мысалы, білім алып қайтқан жастарға жеңілдетілген несие, салық жеңілдіктері немесе жылжымайтын мүлікке субсидия ұсыну – олардың Қазақстанда тұрақтауына септігін тигізеді. Екінші, ауылдық және өңірлік жерлердегі жұмыс орындарын арттыру және стартаптарды қолдау керек. Қызылорда сияқты аймақтарда жас мамандар үшін арнайы тұрғын үй, жұмыс пакетін жасау да жастарды жергілікті даму жобаларына тартар еді. Үшіншіден, жастарды қолдайтын білім беру бағдарламаларын инвестициялау қажет, өңірлік жоғары оқу орындарының халықаралық ынтымақтастығын күшейту, цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімділікті арттыру, шетелдік тәжірибені енгізетін білім беру бағдарламаларын кеңейту маңызды. Сондай-ақ «Болашақ» секілді стипендиялық бағдарламаларды білікті мамандарға бағыттау да шетелде оқып келгеннен кейін елге оралған кезде тұтынатын мемлекеттік құрал бола алады. Мұндай ұсыныстар жүзеге асырылса, Қазақстан мен Қызылорда өңірінде кадр тапшылығы азайып, ауылдық мекендерді дамыту қайта жанданады. Нәтижесінде шетелге шыққан жастардың қайтарымы артатын болады: олар шетелдік тәжірибелерін Отанында қолдануға, ұлттық экономика мен ғылымға үлес қосуға мүмкіндік алады. Жастардың шетелге көшуін қозғаған соң, жас ретінде қосқан «бес тиынымыз» осы.

Түйін. Кім болса да, еліне қызмет етуді ойлайды. Бірақ құр ой оған табыс әкелмесе, онда сананы тұрмыс билейтін уақыт осы кезде басталады. Қазыналарды шетелге тегін өткізіп жатырмыз. Оларды өз мемлекетімізде де бағалы етіп ұстауға болады, тек амалын білу керек. Амалын айттық, енді еститін құлақ пен көретін көз өзі әрекет етуі тиіс.

Е.ҚАЛИЕВ



Басы 1-бетте

АҚЫЛЫ ОҚУ: БІЛІМ АЛУ АРМАНҒА АЙНАЛЫП БАРА МА?

Ақылы оқудың құны қанша?

Бүгінде Қазақстанның жоғарғы оқу орындарындағы ақылы оқу құны жыл сайын өсіп, қарапайым отбасылар үшін қол жетпес арманға айналып барады. Еліміздің ең ірі университеттерінде, мәселен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, СДУ, КБТУ секілді оқу орындарында бакалавриаттың бір жылдық ақысы орташа есеппен 700 мыңнан 2,5 миллион теңге аралығында құбылып отыр.

Медицина факультеттері мен IT бағытындағы мамандықтардың құны 1,5-3 миллион теңгеге дейін жетеді. Ал халықаралық бағыттағы университеттер мен ағылшын тілінде оқытылатын бағдарламалар құны 4-5 миллион теңгеге шарықтап кеткені тағы бар. Бұл сомалар ата-ананың бір жылдық табысын түгел жалмап, «арық атқа қамшы ауыр» болатыны рас.

— Үлкен ұлым биыл 11сыныпты тәмамдады. ҰБТ-дан 89 балл алып, грантка сеніп отырмыз. Әрине, әр ата-ана баласы аяққа тұрып кеткенше көмектесуге міндетті. Бірақ біз сияқты орта табысты отбасы үшін баланың грантка ілінбегені — үлкен сынақ. Себебі жоғары оқу орындарының бағасы шарықтап кеткен. Қараңызшы, жылына 1,5-2 миллион теңге деген ауылдан шыққан, жалақысы 200-300 мың теңге көлеміндегі отбасылар үшін қолжетімсіз дүние. Екі балам әлі мектепте. Біреуін ақылы оқытсам, қалған екеуінің болашағы не болады? Қазір әр ата-ана өз баласының білімі үшін барын салады, бірақ мұндай бағалармен өмір сүру қиындап кетері анық. Бір ғана баланың оқуына бола несиеге батып, күндіз-түні жұмыс істеу — бұл дұрыс па? — дейді қала тұрғыны Рая Маратбек.

Өкінішке қарай, кейбір тұлелерге таңдау еркіндігі арманға айналды. Ата-анасының қалтасына салмақ салмау үшін жастардың көбі өз жүрек қалауына емес, мемлекеттік гранттың көп бөлінген саласына мойын бұрып жатыр. Сүймеген мамандықты амалсыздан таңдап, көңілі қимаса да, сол саланың студенті атануда. Бірақ маман санын көбейткенімен, сапаның



шегінісіне алып келері анық. Армансыз оқыған адамнан адал маман шықпайды. Ақырында жұмысшы орындары толғанымен, шынайы кәсіби шеберлердің қатары сирей түседі.

Баға неге өседі?

Оқу ақысының тоқтаусыз өсуіне себеп тек бір емес, бірнеше салмақты фактордан туындайды. Алдымен инфляция мен теңгенің құнсыздануын айтпай кету мүмкін емес. Ұлттық валютаның долларға шаққандағы бағамы күн сайын құбылып, базар бағасы аспандап жатқан тұста, университеттер де шығындарын жабу үшін амалсыздан бағаны көтеріп келеді.

Екінші бір маңызды себеп — білім сапасына күйылған инвестицияның күрт артуы. Әлемдік стандарттардан қалыс қалмау үшін оқу орындары заманауи зертханалар ашып, сандық платформалар енгізіп, техникалық базасын жаңартуға мәжбүр. Білім беру ісі күннен-күнге күрделеніп бара жатқандықтан, бұның да құны арзан болмайтыны белгілі.

Үшіншіден, шетелдік профессорлар мен халықаралық бағдарламалар легі. ЖОО-лар әлемнің ең мықты университеттерімен әріптестік орнатып, шетелдік мамандарды шақырып, қос дипломдық бағдарламалар ұсынууда. Ал шекара асып келген білімнің бағасы, әрине, арзан емес.

Төртіншіден, білім нарықтық қатынастың құрбанына айналып отыр. Көптеген университет толықтай коммерциялық жүйеге көшіп, өзін-өзі қаржыландыруға мәжбүр. Нарық заңы мейірімсіз, сұраныс бар жерде баға да өсе береді.

Соңғы бір айта кетерлік жайт — мамандықтардың бағасы арасындағы алшақтық. Медицина, инженерия, IT және архитектура сынды салаларда қымбат құрал-жабдықтар мен тәжірибелік сабақтар талап етіледі. Сондықтан мұндай мамандықтарға қол жеткізу құны да аспандап тұр.

Көріп тұрғанымыздай, қазақстандық білімнің бағасы тек инфляцияның емес, заман талабымен қатар келе жатқан қажеттіліктердің де айқын көрінісі.

Шешімді шетелден іздегендер...

Қазір көптеген қазақстандық талапкер шетелдік оқу орындарына көз тігіп, білімнің шекарасын кеңейтуге ұмтылуда. Бұл таңдау бекер емес — кейбір елдерде оқу ақысы Қазақстанмен салыстырғанда әлдеқайда арзан, кейде тіпті тегін (мысалы, Германия, Чехия сияқты елдерде), ал білім сапасы мен әлемдік танымалдылығы әлдеқайда жоғары.

Сонымен қатар шетел университеттері оқу барысында студенттің тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге, шетелдік тілдерді меңгеруге, көпұлтты ортада қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Кейбір ЖОО-да екі диплом алуға арналған жеңіл жұмыс істейді. Әсіресе магистратура мен докторантура деңгейінде шетелде оқу ғылыми-зерттеу саласында мол мүмкіндік ұсынады. Дегенмен шетелге бару тек қаржылық емес, сонымен бірге тілдік кедергі, мәдени айырмашылықтар мен бейімделу сынағынан өту деген сөз. Сондықтан бұл таңдау әркімнің жеке мүмкіндігі мен болашақ жоспарына қарай өлшенуі керек.

Студенттік өмір арзан емес

Жоғарғы оқу орнына түсу оқу ақысын төлеумен ғана бітіп қалмайды. Жатақхана немесе пәтер жалдау мәселесі студенттің иығына қосымша ауыртыпшылық болып жүктеледі. Орташа алғанда, Алматы, Астана секілді ірі қалаларда жатақхана төлемі айына 15 000-30 000 теңге көлемінде. Алайда бұл аз қамтылған санаттағы студенттерге бөлінетін орындарға ғана тиесілі. Қалада әрбір студентке орын жетпейді, көпшілігі амалсыздан пәтер жалдауға мәжбүр. КИМЭП, СДУ секілді жоғарғы оқу орындарындағы жатақхана құны жалпынан сипатпайды.

Ал пәтер бағалары ше? Алматының орталық бөліктерінде бір бөлмелі пәтерді жалдау айына 150-250 мың теңге тұрады. Шеткері аудандарда да 100 мың теңгеден төмен баспана табу — инемен құдық қазандай қиын. Оның үстіне коммуналдық қызметтер, интернет, жолақы сияқты қосымша шығындарды қоссаңыз,

студент үшін жалаң қолмен от көсегенмен бірдей болмақ.

Оқу ақысын төлеп, баспана мәселесін шеше отырып, студенттік күндердің тағы бір көрінбейтін тұсы бар — күнделікті тіршілікке қажетті қаржы. Ай сайын тамақтануға кемі 40-60 мың теңге жұмсалады. Оқу құралдары, көлік картасы, медициналық тексерулер, түрлі қоғамдық шараға қатысу және қосымша курстарға ақша төлеу — барлығы студенттің қалтасын жұқартпай қоймайды.

Қарапайым отбасынан шыққан жас үшін ай сайын кем дегенде 150-200 мың теңге табыс көзін табу қажет болады. Әсіресе грантка іліне алмаған студенттер үшін білім алу шын мәнінде, жанкиярлық күреске айналмасына кепілдік жок.

— Мен 11-сыныпты үздік аттестатпен аяқтадым, ҰБТ-дан 124 балл жинадым. Бірақ бәрібір грантка іліне аламын ба, жоқ па — белгісіз. Байқау талаптары өте жоғары. Арманым — IT саласын меңгеріп, елге қызмет ету. Бірақ бұл мамандықтар бойынша оқу ақысы 2 миллионнан асады, оның үстіне осы саланы игергісі келетіндердің саны аз емес.

Біз қарапайым отбасымыз. Өкем — жүргізуші, анам — аспаз. Ондай ақшаны қайдан табады? Менің де ата-анам күш салғым келмейді. Сол үшін қара жұмыс істеп, жүріп-тұруыма қаражатты өзім табамын. Алайда тапқан табысым бір жылдық оқуымның өтемақысын жаппайды. Барлығымыз бірдей жұмыс істеп, ақшаның артынан кететін болсақ, білім сапасы да төмендейтіні белгілі. Әрбір талапкер арманын орындағысы келеді, бірақ қазір арманды да ақшамен өлшейтін заман болып бара жатыр ма деп қорқамын, — дейді 11 сынып түлегі Мансұр Әскербек.

Шешім қайда?

Амалдың аздығынан көптеген студент несиеге оқуға мәжбүр. Банкер ұсынатын оқу несиелері орташа есеппен 14-20% жылдық үстемемен беріледі. Оны оқу біткен соң жұмысқа тұрып барып қайтара баспайды. Алайда нарықтағы жұмыс орындары мен бастапқы жалақы көлемі бұл кредитті өтеуге көбіне жеткіліксіз. Өздеріңіз білетіндей, қазіргі уақытта тіпті жалақысы аз болса да жұмыс табу машақаты көп дүниеге айналды. Десек те қош, екі қолға күрек табылар...

Кейбір жастар қосымша жұмыс істеп, напақа табуға тырысады. Бірақ бұл оқуға көңіл бөлуге кедергі келтіріп, жастарды шаршататын факторға айналған. Іс насырға шапқан жағдайда оқудан шығып, жұмыссыз жастардың қатары артып келеді.

Жатақхана санын көбейту, оқу ақысын арзандату немесе көпбалалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға жеңілдіктер ұсыну секілді әлеуметтік саясат толыққанды жүзеге аспай тұр. Мемлекет тарапынан соңғы жылдары грант саны өссе де, сұраныс пен ұсыныстың арасы жер мен көктей.

Қайда оқыған тиімді?

Қазақстандағы барлық ЖОО-ны қымбат деуге болмайды. Қолжетімді әрі сапалы оқу орнын іздеген жастар үшін бірнеше университеттің тізіміне шолу жасайық.

Торайғыров университеті — инженерлерге тиімді таңдау болмақ. Павлодардағы Торайғыров



университеті өңірлік ЖОО-лар арасында ең қолжетімді оқу ақысына ие: 350-600 мың теңге аралығында. Әсіресе инженерлік және техникалық мамандықтарда мықты ғылыми база мен тәжірибелік мүмкіндіктерімен танымал.

Шәкәрім университеті — әлеуметтік топтарға жеңілдігі мол оқу орындарының бірі. Семейдегі Шәкәрім университеті гуманитарлық және техникалық бағыттарды қамти отырып, әлеуметтік осал топтар мен ауылдық жастарға ерекше жеңілдіктер ұсынады. Мұнда оқу ақысы ең төмен деңгейде, қолжетімді әрі әлеуметтік бағыт ұстанған оқу орны ретінде белгілі.

Қостанай инженерлік-экономикалық университеті — аграрлық саланың қолжетімді білім мекені. Қостанайда орналасқан бұл университет аграрлық және техникалық мамандықтарға маманданған. Оқу ақысы салыстырмалы түрде төмен, практикалық білім мен аймақтық қажеттілікке бағытталған бағдарламаларымен ерекшеленеді.

Білім арман болып қалмасын...

Бүгінде Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарындағы ақылы оқу құны, жатақхана тапшылығы мен өмір сүру шығындары — білім алуға деген шынайы ниетті жастардың алдынан асу бермес асқар таудай болып тұр.

Грант иелену қырық өтірікті бір шындыққа жеңдіргенмен пара-пар. Алайда ақылы оқу да өз кезегінде сұранысқа ие. Оның бағасы туралы сөз қозғап өттік. Халықтың арқасына қамшыдай тиген осы бір күрделі түйіннің шешімін табу — уақыт талабы. Әйтпесе талантты жастарымыз қаржының құрсауында тұншығып, арманы көкте қалатын күн алыс емес. Лайым бұл күннен Құдай сақтасын.

Қазақ «оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деп бекер айтпаған. Білім — ел болашағының іргетасы. Бірақ бүгінде бұл



іргетасты қалау — әр отбасы үшін оңай емес. Мемлекет білім алуға мүдделі болса, грант санын арттырумен қатар, оқу ақысын реттейтін нақты механизмдерді қарастыруы тиіс. Әйтпесе «алтын кілт» тек қалтасы қалыңдарға ғана бұйыратын мүмкіндікке айналуы мүмкін. Ендеше әрбір талапкердің арманы — білім теңізіне еркін сүңгуге жол ашатын ақылы оқу құны шынайы әлеуметтік саясатпен ұштасса игі.

Қорлан САРЫ

ЖАҢА БІЛІМ ОРДАЛАРЫ БОЙ КӨТЕРУДЕ

Сыр өңірінде білім беру саласының инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған ауқымды жұмыстар қарқынды жүргізілуде. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында жаңа білім беру нысандары іске қосылып, оқушылар заманауи және қолайлы мектептерде білім алу мүмкіндігіне ие болуда.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төрәлиев мәлімдеді.

— «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде өңірде 6900 орынға арналған 10 мектептің құрылысы жоспарланған еді. Облыс әкімдігі тарапынан аталған мектептерге инженерлік инфрақұрылым жеткізу, абаттандыру және жол салу жұмыстары толық орындалып, бүгінде барлық қажетті жағдай жасалды. Қазір Сырдария

өзенінің сол жағалауында 900 орындық мектеп, Арал қаласында 300 орындық мектеп, Жаңақорған ауданы Жаңарық елді мекенінде 300 орындық мектеп, Жаңақорған кентінің Саяжай мөлтек ауданында 600 орындық мектеп, Қызылорда қаласының КБИ мөлтек ауданында 600 орындық мектеп және Қазалы ауданы Жанқожа ауылында 300 орындық мектеп құрылысы толық аяқталып, ел игілігіне табысталды. Қалған 4 мектепті жыл соңына дейін пайдалануға беру көзделіп отыр. Сонымен қатар сол жағалаудағы физика-математикалық мектеп, музыкалық колледж және шығармашылық-инновациялық орталықтың құрылысы да аяқталып, пайдалануға берілді. Бүгінде Арал ауданы Жалаңаш ауылында 150 орындық мектептің, Шилі ауданында 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебінің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Аталған нысандарды жыл соңына дейін аяқтап, ел игілігіне тапсыру



жоспарда тұр, — деді басқарма басшысы.

Өңірдегі құрылыс қарқыны Сыр

елінің болашағына инвестиция салып отырғанының айқын көрінісі. Білім ордаларының заманауи талаптарға

сай салынуы жас ұрпақтың сапалы білім алуына мол мүмкіндік береді.

«АЖ» ақпарат



Малика АЛДАМЖАРОВА:

ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТКІМ КЕЛЕДІ

– Жыраулық өнердегі ұстаздарыңыз жайлы айтып берсеңіз.

– Алғашында анам жыраулар үйінде Бидас Рүстембеков есімді жыраудың барын айтатын. Ол кісі сол кезде жыраулар үйінің директоры еді. Содан Бидас ағайды арнайы іздеп барып, сабақ алдым. Кейін ол кісі мені Айгерім Ешбаева апаймен таныстырып, әрі қарай сол кісіге тапсырды. Осылайша менің жыраулық өнердегі алғашқы ұстаздарым – Бидас ағай мен Айгерім апай болды.

Мектепті тәмамдаған соң Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне оқуға түстім. Онда да дәстүрлі өнердің дара өкілдерінен – Руслан Ахметов, Шолпан Биімбетова, Ақмарал Ноғайбаева, Берік Саймағамбетов, Алмас Алматов сынды ұстаздардан білім алу бақыты бұйырды.

– Білуімізше, «Жойқын жүйрік» атанған Жорықбай жыраудың ұрпағысыз. Тектінің тұяғы болу – бір жағынан мақтаныш, бір жағынан жауапкершілік. Сөз ұстаған бабаңыз жайлы естеліктерді өз аузыңыздан естісек...

– Иә, Жорықбай жырау – бесінші бабам. Әрине, бұл мен үшін үлкен мақтаныш. Дәстүрлі өнер саласындағы аға-әпкелеріміз «тектінің ұрпағы» деп таныстырғанда марқайып қалатыным рас.

Жорықбай жыраудың өмірі мен шығармашылығын зерттей келе, оның 1864 жылы бұрынғы Перовск уезіне қарасты Қобылқөл атты елді мекенде дүниеге



келгені жөнінде дерекке кезіктім. Ол кісі – жыраулық дәстүрдің өкілі ғана емес, табан астында суырып салып жыр толғайтын ақын әрі өткір тілді шешен болған деседі.

Бізге жеткен мұраларынан «Нұрмағамбетпен сөз қағыстыру», «Қара болысқа айтқандары», «Накыл сөздері», «Ошақты садаққа», «Қожамұраттың Жақыбына», «Бактыоразға», «Жарма қазғандарға», «Мыңбайдың бағасы», «Жетірудың ақыны келді әлпештеген», «Жорықбай деген шайыры», «Қармақшад», «Ақназар ұстаға» секілді көптеген жыр-өлеңін атауға болады. Бүгінде осы туындылардың бірнешеуін Айбек Тәңірбергенов пен Берік Саймағамбетов сынды ағаларымыз орындап, көпшілікке жеткізіп жүр.

– Орындауыңызда қанша жыр, терме бар? Жыршы жадының мықты болу сыры неде?

– Бұрын жыр қорым едәуір мол болатын. Нақты қанша екенін дөп басып айту қиын. Дегенмен ел қатарлы дастан да, жыр да, толғау да, терме де қорымызда бар.

Жадының мықтылығы туралы айтсам, өзгелерде қалай екенін білмеймін, өзімде жаттау қабілетім жақсы дамыған. Бұл маған берілген үлкен мүмкіндік іспетті. Мәселен, арнау секілді жана шығармаларды жаттауға тапсырма берілсе, сол күні-ақ жаттап алатынымын.

Әрине, сахнада тұрған кезде кейде ұмытып қалатындай уайымдайсың. Бірақ бұл тұста «визуалды жады» көмектеседі. Қазақша айтқанда, көру жады – жырды көп жаттаған адамның санасында сөздер, көз алдына жыр жолдары елестеп тұратындай болып қалыптасады. Бұл – көп жаттау мен тәжірибенің нәтижесі. Жалпы жаттауды дағдыға айналдырсаң, есте сақтау қабілетің де соғұрлым жақсы дамиды деп ойлаймын.

– Биыл Түркияның Анкара қаласындағы Музыка және бейнелеу өнері университетінде магистратураны тәмамдадыңыз. Ресми түрде магистр дәрежесін алуыңызбен құттықтаймыз! Ендігі кезекте шетелдегі музыка білімінің ерекшелігіне тоқталсаңыз.

– Құттықтау үшін рақмет! Иә, мұнда «музыкатану» яғни «музыкалогия» бағытында білім алдым. 2022 жылы оқуға қабылдандым. Алғашында түрікше сөлемдесуді де білмейтін едім. Өзге мемлекеттен келгендер тіл үйренгенше түсінісу, сөйлесу өте қиын еді. Бір-бірімізді түсіне алмай қиналғанымыз сонша, елімізге қайтқымыз



келген сәттер де болды. Алайда түрік халқының бауырмалдығы, көмек көрсетуге даяр тұратындығы біздің осы елде қалып, оқуға құлпынысымызды оятты. Алғашқы бір жылда түрік тілін үйрендік. Анкара қаласына келген соң университеттің тек қана қыздар тұратын жатақханасына орналастым. Тіл үйренуіме сол жатақханадағы қатарластарымның көп септігі тиді. Сабақтан кейін Палестина мемлекетінен келген Дениз есімді қызбен бірге отырып түрік тілін үйренетінмін. Сол қыздың арқасында үш айдың ішінде түрік тілін жоғары деңгейде меңгердім. Осылай айналамыздағы адамдардың көмегінің арқасында көп дүниеге үйренісіп кеттік. Бірі арабиялық, бірі африкалық, бірі ирандық, бәріміз тату тұрып,



тіл табыса білдік. Мұндай ортада әлемді танып, көзқарасың өзгереді. Бауырмалдықтың не екенін түсініп, жалпыадамзаттық құндылықты ұғынасың. Әсіресе бауырмалдық жөнінде баса айтқым келеді. Біздің елде қай салада болсын бәсекелестік пен қызғаныш қатар жүреді. Бәсеке болуы керек, әрине. Онсыз даму мүмкін емес. Алайда түрік еліне келгелі қызғаныш деген дүниенің мұнда жоқ екенін түсіндік. Сахнаға шыққанда сенің өнеріңді екінші бір өнерпаз қуана тамашалай алады, бағалай алады. Бәсекелес болуы мүмкін, бірақ еш қызғанышсыз.

Бірінші жылы осылай тіл үйренсек, екінші жылы магистратурада білім алудың алғашқы жылы басталды. Біздің бағыт «музыкалогия» болғандықтан ғылыми тұрғыда мақала дайындау, диссертацияны қалай жазу керектігі жөнінде сабақ алдық. Бірінші курста мен «Қазақстандағы айтыс өнері мен Түркиядағы айтыс өнерінің ұқсастығы мен айырмашылығы жөнінде» мақала жаздым. Алғашқы курста-ақ өте көп жобаға қатыстым. Бір жылда шамамен 15-ке жуық концертте өнер көрсеттім. Әрқайсысы әр қалада. Қала аралап, тіпті аудандарына да баратынбыз. Екінші курста диссертация жазумен айналыстық. Менің зерттеу тақырыбым – «Алтайдан Анадолыға көшкен Түркия қазақтырының музыка мәдениеті» болып бекітілді. Бұл жыраулық өнерден алыс болғанымен, жаньма жақын тақырып. Себебі дәріс барысында ағайымыз Анадолыға бағыт алған ұлы көш қандай тауқыметті бастан кешсе де он салып, жыр орындап, музыка өнерін сақтап қалғаны жөнінде сөз қозғаған болатын. Осы тақырып менің қызығушылығымды оятты.

Қазақстан мен Түркиядағы білім берудің айырмашылығын айтар болсақ, ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас өте еркін. Екіншіден, Қазақстанда есту қабілетіне сүйеніп үйрену мен орындау басым болса, Түркияда музыка саласы тек нотаға сүйеніп орындайды және зерттеледі. Сондықтан Қазақстанда музыка өнері шығармашылық тұрғыда дамығанымен, ғылыми тұрғыда Түркия жоғары. Біз бұл жақта музыканы шығармашылық немесе өнер ретінде емес, ғылым ретінде зерделеп, эстетикалық емес, теориялық-ғылыми бағытына баса назар аудардық.

– Оқу барысында қандай мүмкіндіктерге ие болдыңыз? Осы жылдар ішінде өзіңіз өнер көрсеткен халықаралық жобалар жайлы айтып берсеңіз.



– Мүмкіндік өте мол. Үш жыл ішінде көп жобаға қатыстым. Халықаралық конференцияларда баяндама жасап, халықаралық концерттерде өнер көрсеттім һәм оның бәрі «Түркі әлемі» фестивалі аясында ұйымдастырылды. Ең қызығына тоқталсам, Бурса қаласында өткен концертте түрікше айтыс ұйымдастырылды. Қазақтың көдіулігі айтыс өнерін түрікше көрсеттік. Жиылған көрерменнің ризашылығы мен ықыласын көшеметінен сезініп қайтқан болатынбыз. Жалпы маған ұнайтыны түрік халқының қабылдауы. Өкініштісі, Қазақстанда жыраулық өнердің қадірі қалмай бара жатқаны жасырын емес. Ал мұнда құрмет тұтып, ықыласпен тыңдайтындар қатары өте



көп. Әрбір жобада түбіміздің түрік екенін түсіну һәм сезіну ерекше әсер сыйлайды. «Түркі әлемі» ұғымын осынау жобаларға қатысып жүріп тереңірек түсіндім. Мұнда білім алуға жоғары деңгейде жағдай жасалған. Кітапханалар мен кітап-кофеханалары өте көп. Уақыты шектеусіз. Осы тұсы маған қатты ұнайды. Сондай-ақ президент ашқан тәулік бойы тоқтаусыз жұмыс істейтін алып кітапхананы әлем елдері жақсы біледі.

Түркиядағы үш жылдың ішінде маған берілген ең үлкен мүмкіндіктің бірі ол – Түріксои ұйымының қолдауымен Мароккоға барып, бірнеше мемлекет өкілі Түркі әлемінің концертін өткізу болатын. Сондай-ақ Кипрда да түркі әлемі болып наурыз мерекесін ауқымды деңгейде атап өттік. Осылай бір емес, екі елде өнер көрсеттік. Кипрдің президенті бізді арнайы қарсы алды. Жалпы Түркияда да қай қалаға барсақ сол қаланың әкімі алдымыздан күтіп алады және концерттен бұрын өнерпаздар әкімнің қабылдауында боламыз. Одан кейін Астанадағы «Қазақконцерт» секілді Анкарада да ұлттық өнер орталығы бар. Сол жерде өткен концертке қатыстым.

Алдыңғы жылы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде халықаралық конференция өтті. Сол жерде ең жас ғалым атанып, «Қазақстан мен Түркиядағы жыраулық өнер жайында» баяндама жасадым. Конференцияның басты мақсаты түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығын нығайтып, түркі әлеміне қалай қызмет ете алатынымыз жөнінде тақырыптар қозғалды. Осы конференцияның жалғасы жырда ғана Түркияның Эрзинджан қаласында өтті. Сан түрлі пікірлер айтылып, таласқа толы конференция болды.

Биыл Түркия президенті Режеп Тайып Ердоғанның ұлы Біләл Ердоған халықаралық VII этноспорт фестивалін ұйымдастырды. Мұнда түркітілдес мемлекеттердің киіз үйлері тігіліп, үш күн бойы ашық аспан астында түрлі ұлттық ойындар ойналды, концерт те өтті. «Хан шатыры» аталатын өте үлкен киіз үй құрылып, сонда Түркия президенті Тайып Ердоған келді. Ауыз толтырып айтатын жетістігіміздің бірі деп осы фестивальге қатысып, президенттің алдында өнер көрсеткенімді атап едім.

Мен білім алған оқу орны – Анкарада жаңадан ашылған «Музыка және бейнелеу өнері» Мемлекеттік университеті. Оқу орнымыздың «ең алғашқы халықаралық түлектері» атанып отырған біздер 8 мемлекет өнерпаздарының қатысуымен Анкарада есеп



беру концертін өткіздік. Сонда «Көроғлы» дастанынан үзінді орындадым. Көрсермен арасында көп тыңдарман кеш соңында осы дастаннан үлкен әсер алғанын жарыса айтып жатты. Осылай оқуымызды қорытындыладық.

Біз Халықаралық Түркия Гранттары бағдарламасының стипендия игеріміз. Биыл оқу орнын 5 мыңға жуық студент бітірді. Диплом табыстау рәсіміне 2500 түлек қатысты. Өнерпаздар өте көп. Алайда соның ішінде стипендия иегері ретінде өнер көрсетуге мені таңдап алды. Аспаппен сүйемелдеуші топты жалдадық. Диплом табыстау кеші Мәдениет министрінің қатысуымен өтті. Ең үлкен жетістігіміздің бірі осы.

– Осы тыңдармандары қазақ жырын қалай қабылдайды?

– Бүгінде Қазақстанда эстрада бағыты халықтың сұранысына ие. Айтыс пен жыраулық өнердің тыңдарманы азайып барады. Ол уақыт өтіп, буын алмасқан сайын азая беретін секілді. Ал Түрік халқы тілімізді түсінбесе де біз жыр орындағанда арқаланып, рухтанып тыңдайды. Неге? Себебі бұл елде айтыс пен жыраулық өнер жойылып кеткен. Айталық бір ғана Сыр өңірінде бірнеше жыраулық мектеп сақталып, қалыптасқан. Ал түрік халқында мұндай мектеп немесе арнайы үйірмелер жоқтың қасы. Қазақ халқы осынау өнерді сақтап, дамытып, халықаралық деңгейге шығардық. Біздің концерттен кейін түрік халқы рухтанып «біздің бабамыз, ата-тегіміз асыл түрік

мына сендерсіңдер» деп айтқанына талай куә болғанмын. Арқаланғаны сонша қайта-қайта орындауымызды өтінеді. Қай шарамыз болсын залдық толып, ине шаншар орын болмайды. Мұндағы тыңдарманның дәстүрлі өнерге деген осындай құрметіне риза боламын.

– Қазіргі жас буынға жыраулық өнерді насихаттап, дамытудың қандай жолдары бар деп ойлайсыз?

– Қазіргі уақытта байқағаным – дәстүрлі өнер бағытын ұстанған жастардың әлеуметтік желіде жариялаған видеолары халық тарапынан жылы қабылданып, жоғары бағаланып жүр. Бұл – көңіл қуантатын жағымды үрдіс.

Кейде жыраулар барған ортада «біздің тыңдарман аз ғой» деп, жыр орындауға қысылып, тартынатын жағдайлар болады. Оның да себебі бар: көбімізде «басымды қадірлемейтін жерде өнер көрсетпеймін» деген ұстаным қалыптасқан. Бәлкім, ол да бір жағынан дұрыс шығар. Бірақ ұмытпауымыз керек – сен ол жерде өнер көрсетуші ғана емес, осы өнердің насихаттаушысысың. Ондай ортада он адам ғана отырса да, олардың ішінде тым құрығанда бір-екі адам құлақ түріп тыңдауы мүмкін. Ал он адамның түгелдей ықыласын ояту – орындаушының шеберлігіне байланысты. Тыңдарман осылай қалыптасады.

Сондықтан жырынды, терменді, дастаныңды кез келген жерде тартынбай орындау қажет. Бұл – дәстүрлі өнерді насихаттап, дамытудың ең негізгі жолы.

– Болашақта өзіңізді қай салада көргіңіз келеді: ұстаздық па, орындаушылық па, зерттеушілік пе?

– Шынымды айтсам, тек орындаушылықпен шектелгім келмейді. Бағытымды ұстаздық пен зерттеушілікке бұрғым келеді, тіпті сол жолға бет бұрып та үлгердім деуге болады. Магистратураны тәмамдап, енді нәсіп етсе докторантурада білім алуға ниеттімін. Зерттеу нысаным ретінде жыраулық пен айтыс өнерін, сондай-ақ түркі халықтарының музыкасын таңдадым. Бұдан бөлек, мәдениет саласындағы дипломатия да қызықтырады. Жалпы алғанда, басты мақсатым – түркі әлеміне қызмет еткім келеді.

Жоғарыда айтқанымдай, халықаралық жобаларға қатысқанымның арқасында мен тек қана орындаушы болу жеткіліксіз екенін түсіндім.



Егер шынымен жыраулық өнерді әлемдік деңгейде танытқын келсе көзқарасыңды да әлемдік деңгейде қалыптастыра білуің керек. Маған Түркия мүмкіндіктермен бірге осындай үлкен мотивация берді. Қазақ өнерін түркі әлеміне таныту үшін орындаушылық қабілетіңмен де, қабілетінді ғылымға айналыдырып та қызмет етуің керек. Сол үшін мен орындаушылықпен шектелгім келмейді.

– Қазақтың жыраулық өнерін халықаралық деңгейде кенінен таныту үшін қандай ұсыныс айтар едіңіз?

– Халықаралық деңгейде таныту үшін менің ойымша, ең алдымен, халықаралық жобалар ұйымдастыру керек. Мәселен, Түркияда мәдени бағыттағы концерттердің бәрі халықаралық деңгейде өтеді. Олар өздерін насихаттаумен қатар, өзге ұлтты да ұмытпайды. Бізге де солай жасау керек. Қазақстанда халықаралық деңгейдегі фестивалдер санын арттыру қажет деп ойлаймын. Өткен жылы біздің университетте ауқымды халықаралық жыраулар және айтыс өнері хақында фестиваль және конференция өтті. Түркі әлемінен, яки әр мемлекеттен 4-5 өкіл келді. Құрамында жырау, орындаушы және айтыс өнері профессорлар бар. Бұндағы басты мақсат әрі орындаушы әрі зерттеуші болуын талап етуі еді. Аталған жоба үш күнге ұласты. Алғашқы күні ашылуы, келесі күні конференция, үшінші күні концерт ұйымдастырылды. Әр келген өкіл бірінші күні конференцияда презентациясын таныстырып, баяндама оқыса, келесі күні концертте өнер көрсетті. Түсінгенім мұнда жыраулар тек орындаушы ретінде қалмай, зерттеуші ретінде де өзін көрсете алды. Өзге де басты мақсатым осыларды қатар алып жүру. Мәңгі де жас қыршыларға айтар кеңесім осы. Әрі орындаушы, әрі зерттеуші, әрі ұстаз болуға талпыныс жасау қажет.

Сондай-ақ дәл осы жобаны Қазақстанда да өткізуді ұсынар едім. Себебі тек өнер көрсетіп, кеш өткізу нәтиже бермейді. Оны ғылымға бағыттасаң ғана нағыз теориялық білім ретінде қалыптасады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Аружан ОРАЛБАЙ

Спорт – денсаулықтың ғана емес, ұлттық рухтың, елдік намыстың айнасы. Қоғамның дамуы ең алдымен азаматтардың денсаулығына байланысты. Бүгінде Қазақстанда салауатты өмір салтын насихаттау мен бұқаралық спортты дамытуға айрықша мән беріледі. Балалар мен жастар арасында спорттық жарыстардың жиі өткізілуі – олардың болашақта ел намысын қорғайтын азамат болып қалыптасуына ықпал етеді. Қазақ елі – тарихы терең, болашағы жарқын мемлекет. Тәуелсіздік алған жылдардан бері еліміз түрлі салада табысқа жетіп, әлемге танылды. Сол жетістіктердің тағы бір белесі – спорт саласы. Еліміздің спорт тарихына үңілмей болашақты болжау, әсте, мүмкін емес.

СПОРТ – ТӘРТІП ПЕН ТАБЫНДЫЛЫҚ МЕКТЕБІ



Қазақстан аумағында спорттың алғашқы түрлері ежелгі көшпенділер дәуірінде қалыптасқан. Біздің ата-бабаларымыз ат үстіндегі өнерді, жауынгерлік дайындықты жоғары бағалап, ұлттық ойындарды дамытқан. Мәселен, ең танымал дәстүрлі спорт түріне: көкпар, бәйге, тоғызқұмалақ пен қазақша күрес жатады. Нақтыласақ, көкпар – командалық ұлттық ойын, ерлік пен ептілікті сынайтын сайыс. Бәйге – ат жарысы, төзімділік пен шапшаңдықты көрсетеді. Қазақша күрес – күш пен әдісі қатар қажет ететін күрес түрі. Ал тоғызқұмалақ – ақыл-ойды дамытатын ұлттық зияткерлік ойын.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, елдің спорт саласы жаңа деңгейге көтерілді. Кеңестік кезеңінде Қазақстанда спорт жүйелі түрде қамтыла бастады. КСРО құрамасы сапында әлемдік аренада бақ сынаған спортшылар қатары көбейді. Атап айтсақ, Жаксылық Үшкөмпіров – 1980 жылғы Олимпиада чемпионы (грек-рим күресі); Серік Қонақбаев – Олимпиада жүлдегері (бокс); Владимир

Смирнов – шаңғы жарысынан Олимпиада чемпионы (1988). Бұл спорт мұраларымыздың жетістігі тек жеке жетістік емес, бүкіл елдің жеңісі.

Қазақстан халықаралық аренада жеке дара мемлекет болып жарыстарға қатыса бастады. Осылайша көк туымыз желбіреп, аңранымыз талайдың алдында шықалды. Ел намысын қорғап, жүлделі болып жүрген спортшылар – бүгінде қазақ халқының мақтаныштары, үлгі тұтар тұлғалары.

Олимпиада ойындарында көзге түскен спортшыларымыз ел есінде ерекше сақталып қалды. Мәселен, боксшы Бекзат Саттарханов 2000 жылы Сидней Олимпиадасында алтын медаль жеңіп алып, қазақ халқының қуанышына қуаныш қосты. Ол – спорттың тек күш емес, рух пен тәртіп екенін дәлелдеген дара талант.

Тағы бір мақтанышымыз – ауыр атлетика шебері Илья Ильин. Ол әлем чемпионаттары мен Олимпиада ойындарында бірнеше мәрте топ жарып, есімі ел тарихында алтын әріппен жазылды. Әлем деңгейінде мойындалған

Денис Тен де елдің мақтанышына айналған азамат еді. Оның өнері мен табандылығы бүкіл әлемді тәтті етті.

Дені сау ұрпақ – ел ертеңінің кепілі. Қазақстандағы бапкерлердің біліктілігі мен біліміне де тоқтала кетсек. Бұл өзекті мәселе және көбінде көлеңкеде, сырт қалатын тақырып. Өйткені біз спортшылар және жарыс нәтижесі туралы айтамыз. Бірақ жеңістің артында тұрған бапкерлердің еңбегі туралы аз сөз қозғаймыз. Мамандарды алыс-жақын шетелге шығару, келіссөздер жүргізіп, әсіресе, спортшыларды баптайтын бапкерлердің жиган-терген тәжірибесін бағалап, олардың идеяларын барынша қолдау қажет. Бапкерлердің өз істерін дамытуға қатысты қандай да бір ойларын, әдістемелері мен жоспарларын жүзеге асыруға, спортқа қатысушы азаматтардың немесе жеткіншектердің бойындағы байқалған қасиеттерін дамытуға, бапкерлермен бірлесе отырып, болашақ чемпиондарды дайындауға барынша үлес қосу керек.

Еліміздің географиялық ерекшелігіне байланысты жастар арасындағы спорт түрлерін дамыту қажет. Халықаралық аренада табысқа жетудің бір жолы – инфрақұрылымды көркейтуге күш салу.

Атап айтқанда, жеңіл атлетика, ұлттық спорт ойын түрлері, тұрғылықты аймаққа байланысты қысқы спорт түрлері, сондай-ақ мемлекеттік қолдауға қажетті спорттық туризм және альпинизм секілді бағыттар спорт саласын дамытуға өте қолайлы.

Бүгінде Қазақстанда заманауи спорт кешендері мен жаттығу орталықтары салынып, бұқаралық спортты дамытуға басымдық берілуде.

Қазақстандағы спорт тарихы – елдің рухани, дене тәрбиесі мен ұлттық мақтанышының айнасы. Спорт ел намысын қорғайтын, жастарға жол көрсететін үлкен күшке айналды. Болашақта да қазақ спорты әлем аренасында биіктен көріне беретініне сенеміз мол.

Қуаныш АҚМАҒАНБЕТОВ,
№6 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің әдіскері



Қазіргі заманның басты ерекшелігі – ақпарат ағынының тым көптігі. Бұрын ақпарат көздері шектеулі болатын. Ал бүгінде ақпарат соншалық көп, оны өңдеуге адам миының мүмкіндігі жетпей жатады. Ақпарат өміріміздің әр саласына мықтап енді: көшеде жарнамадан көз сүрінеді, үйде теледидар ақпарат тасқынын ұсынады. Алайда ақпараттың ең ірі көзі – интернет пен оған қосылған компьютер және ұялы телефон. Қазіргі адамның өмірін сәт сайын ақпаратқа тәуелді және онсыз өмір сүре алмайтындай елестетеміз.

Бүгінгі балалар ақпаратқа қол жеткізу тұрғысынан ересектерге тәуелді емес. Қазіргі заман балалары – «бас бармақ ұрпағы» деп аталады, себебі олар ақпаратты тез меңгеріп, тіпті ересектерден де көп біледі. Дегенмен ақпарат пен білімнің айырмашылығы бар екенін естен шығармаған жөн. Ақпаратты тек жеткізу жеткіліксіз, заманауи студенттерге жаңа көзқарас, тың тәсілдер мен тиімді әдістер қажет.

Қазір білім беру жүйесінде оқытудың мазмұны мен формасын түбегейлі өзгерту қажеттілігі туындап отыр. Осы тұста эдьютейнмент пен геймификация ұғымын ерекше атап өту керек. Ұлы Сократ «Таным таңғалудан басталады» деген болатын. Қазіргі балаларды таңғалдыру оңай емес, өйткені олар үшін ақпарат қолжетімді әрі көп.

Студенттер қазірдің өзінде көптеген мәліметтен хабардар. Сондықтан дәстүрлі лекция түріндегі сабақтар оларға қызықсыз болуы мүмкін. Егер мұғалім тек оқулықтағы мәліметті қайталаумен шектелсе, студент оқу үдерісінің белсенді қатысушысы болудан қалады.

Міне, осыдан эдьютейнменттің маңыздылығы туындайды. Бұл – білім алушылардың оқуына қызығушылығын арттырып, оларды үйренуге ынталандыратын заманауи тәсіл.

«Эдьютейнмент» (ағылшынша edutainment) сөзі education (білім) және entertainment (көңіл көтеру) ұғымдарының қосындысынан шыққан. Бұл – білім беру үдерісін ойын арқылы қызықты етіп ұйымдастыру дегенді білдіреді. Ғалымдардың

пайымдауынша, ойын барысында балалар жаңа білімді жеңіл меңгереді әрі ұзақ есте сақтайды.

Кейбіреулер үшін оқытудың бұл тәсілі әдеттен тыс көрінуі мүмкін. Өйткені қоғамда білім алу – «инемен құдық қазғандай» ауыр еңбек деген түсінік қалыптасқан. Мұндай көзқарас балалардың оқуға деген қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Олар табиғатынан ойынқұмар болғандықтан, білім беру жүйесінің де осы ерекшелікті ескергені жөн.

Эдьютейнменттің басты артықшылығы – оқыту үдерісін қызықты етіп ұйымдастыру арқылы білім алушыларды белсенді қатысуға ынталандыру. Сабақ барысында тек ақпарат берумен шектелмей, шығармашылық, ойын және практикалық тапсырмаларды енгізу – білімнің жақсы меңгерілуіне себеп болады.

Сабақтың әр минуты баланың зейінін ұстап тұруы керек. Эдьютейнмент осы мақсатты көздейді: білім алушылардың қызығушылығын арттыру арқылы оларды өздігінен ізденуге, танымдық әрекетке жетелейді.

Осы қағидаларды негізге ала отырып, мен «Тағам Special» атты жобалық жұмысымды әзірледім. Бұл жоба – студенттердің қызығушылығын арттырып, практикалық білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Жобаның мақсаты – студенттердің адами, әлеуметтік және кәсіби капиталдарын дамыту.

Адами капитал – еңбек ету мүмкіндігін арттыратын білім, білік және дағды жиынтығы.

Әлеуметтік капитал – топта тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік беретін ортақ құндылықтар жүйесі.

Кәсіби капитал – кәсіби құзыреттер мен шеберліктердің жиынтығы.

«Тағам Special» жобасы арқылы білім алушылар тек теориялық білім алып қана қоймайды, сонымен қатар практикалық дағдыларын дамытып, өмірлік маңызды құндылықтарды меңгереді.

Гүлнәз ҚАРАСАЙ,

Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің өндірістік оқыту шебері

МҮГЕДЕКТІГІ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ АЛУҒА ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ

20.04.2023 жылы Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 22-тарау 263-баптардан құралған.

Кодекстің 13-тарауында «Мүгедектігі бар адамдарды мемлекеттік қолдау» бойынша 170-179 баптарына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың:

- 1) мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;
- 2) еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем;
- 3) мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы);
- 4) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы) түрінде әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

Кодекстің 175-179 баптарына сәйкес, егер ҚР заңдарында және ҚР ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын ҚР азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуға құқылы.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мүгедектіктің қашан жұмыс істеу немесе қызмет ету кезеңінде, жұмысқа тұрғанға дейін немесе жұмысты тоқтатқаннан кейін болғанына қарамастан тағайындалады.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мүгедектік белгіленген күннен бастап, бірақ оны тағайындауға жүгінген күнге дейін немесе «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» ҚР Заңына сәйкес, проактивті көрсетілетін қызмет арқылы жәрдемақы тағайындауға келісім алған күнге дейін үш айдан аспайтын мерзімге тағайындалады.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік жәрдемақы алушы төлемді алу кезеңінде Мемлекеттік корпорацияны мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшерін өзгерту немесе мүгедектігі бар адамдарға жәрдемақылар, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді төлеуді тоқтату үшін негіз болуы мүмкін мән-жайлар туралы он жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшері мүгедектіктің тобына және себебіне, сондай-ақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшеріне байланысты Кодекстің 177-бабында белгіленген.

Егер жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері мүгедектігі бар адамдардың тиісті санаттары үшін белгіленген мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшерінен аз болса, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны төлеу жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне мүгедектігі бар адамдардың осы санаты үшін белгіленген мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшеріне дейін тиісті қосымша ақылар түрінде жүргізіледі.



Мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша бір мезгілде мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алуға құқығы бар адамдарға олардың таңдауы бойынша бір жәрдемақы тағайындалады. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы немесе асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын адамның өтініші негізінде мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының бір түрінен екінші түріне ауыстыру өтініш тіркелген күннен бастап жүргізіледі.

Кодекстің 180-182 баптарына сәйкес, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау тәртібі қарастырылған. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алу құқығы медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілеген күннен бастап туындайды. Еңбекке қабілеттіліктен

айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем әлеуметтік төлем тағайындауға жүгінген уақытта жұмыстың тоқтатылғанына немесе жалғастырылып жатқанына қарамастан тағайындалады. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеу-



меттік төлемнің мөлшері жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесі өзгерген күннен бастап қайта қаралады.

Кодекстің 183-186 баптарына сәйкес, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы тағайындау тәртібі қарастырылған. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандас-тарға, сондай-ақ жәрдемақы алу құқығы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген шетелдіктерге беріледі. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы тағайындалады.

Отбасында мүгедектігі бар екі және одан да көп бала тұратын жағдайда мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы мүгедектігі бар әрбір балаға тағайындалады және төленеді.

Туған, асырап алынған, сондай-ақ қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алынған мүгедектігі бар баласы бар отбасыларға, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы бала асырап алу туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап немесе қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленген күннен бастап тағайындалады.

Кодекстің 187-189 баптарына сәйкес, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға тікелей күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандас-тарға, сондай-ақ жәрдемақы алу құқығы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген шетелдіктерге беріледі.

Сотталған адам қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бірінші топтағы мүгедектігі бар бір адамға ғана күтім жасай алады. Күтімді қажет ететін бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталғандар және оларға күтім жасайтын сотталғандар қылмыстық-атқару жүйесінің бір мекемесінде ұсталуға тиіс.

Мүгедектік кезеңінде асыраушысынан айырылған жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға және жеті жас-тан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшері Кодекстің 236-бабына сәйкес белгіленген, қайтыс болған асыраушының отбасының еңбекке қабілетсіз мүшелерінің санына сәйкес келетін асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшеріне ұлғайтылады. Бұл ретте, тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарға мүгедектігі бойынша мемлекеттік жәрдемақы Кодекстің 234-бабының талаптарына сәйкес аталған адамдар қайтыс болған асыраушының асырауында болған жағдайда жоғары мөлшерде белгіленеді.

К.СӨРСЕНОВ,

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, Зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы

Сыр спортшыларының кез келген бәсекеден қоржыны құр қайтқан емес. Бұл жолы да солай. Өңір мақтанаштары жуырда Астана қаласында өткен ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында жоғары нәтиже көрсетіп, ел мерейін асқақтатты. Аймақ атынан сынға түскен бес спортшының төртеуі жүлдегер атанып, еліміздің туын көкке көтерді. Жеңімпаз және жүлдегер спортшыларды Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингке арнайы шақырып, олардың жетістігі мен алдағы жоспарлары туралы әңгімелестік.

АУЫР АТЛЕТТЕР АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА ТОП ЖАРДЫ

— Қазір Қызылорда облысы бойынша 1310 спортшы ауыр атлетикамен шұғылданады. Олардың дені халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарда топ жарып, өңір абыройын көтеріп жүр. Биылғы Азия чемпионатына облыс атынан 5 спортшы қатысып, соның 4-еуі жүлделі орынға ие болды. Бір спортшымыз жарاقاتына байланысты жарысқа қатыса алмады. Қазір барлық аудандарда ауыр атлетика секциялары тегін жұмыс істейді. Алғашқы даярлық тобына 8 жастан бастап қабылдаймыз. Бірақ егер балада ерекше ынта байқалса, 6 жас-

тан бастап та жаттығуға ала береміз. Қазір жетістікке жетіп жүрген балалардың дені осындай ерте жастан келгендер, — деді Қызылорда облысының

тырушысымын. Оқушымын Ерасыл Саулебеков биылғы Әлем чемпионатында серпе көтеру жаттығуында алтын, ал қос сайыста қола медаль иеленді. Бұдан



аға жаттықтырушысы Жеңіс Алдабергенов.

— Мен Кармакшы ауданындағы №15 олимпиадалық резервтер мектебінің жаттық-

кейін, Астанада өткен Азия чемпионатында үш алтын жүлдеге (жұлқа, серпе және қос сайыс бойынша) қол жеткіздік. Ерасыл ел намысын абыроймен

РАҚЫМЖАН – ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА ЖҮЙРГІ

Алматы қаласында 10-12 шілде күндері ересектер арасында жеңіл атлетикадан XXXIV Қазақстан Республикасының чемпионатында спортшымыз Рақымжан Келманов 3000 метр кедергімен жүгіріп отумен І орын жеңіп алды. Жаттықтырушылар: Мұрат Айбазарұлы, Рашида Сарбасова.



қорғап, көк туды көкте желбіретіп қайтты. Бұл жеңіске жету жолында мектеп директоры Алиев Артурдың қолдауы

артта қалдырып, жақсы нәтижеге қол жеткізіп отырмыз. Кез келген спортшының арманы — Олимпиада шыңын бағындыру

дастырылды, — деді ауыр атлетикадан Әлем чемпионы, Азия чемпионатының қола жүлдегері Бейбарыс Ерсейіт.

— Ауыр атлетикамен айналысып жүргеніме 8 жыл болды. Бұл спортқа деген қызығушылығым Илья Ильиннің жетістіктерін көріп, соған еліктеуден басталды. Бүгінде сол қызығушылықтың нақты нәтижесін көріп отырмыз. Әлем чемпионатынан кейін қайта күш жинап, Азия чемпионатына дайындалу оңай болмады. Бірақ барымызды салып, лайықты нәтиже көрсеттік. Жарыс та, дайындық та жоғары деңгейде өтті, — деді Азия чемпионатының күміс және қола жүлдегері Ернұр Мырзахмет.

— Спортты серік еткеніме 6 жылдан астам уақыт болды. Бұл менің қатысып отырған алғашқы Азия чемпионатым. Менің жаттықтырушым — Аят Әмірбекова. Сол кісінің жетекшілігімен осы жарысқа жолдама алып, ел намысын қорғауға мүмкіндік алдым, — деді Ауыр атлетикадан Азия чемпионатының қола жүлдегері Қайсар Мысырбек.



ТЕҢГЕ ІЛҮ: СПОРТШЫМЫЗ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Астана қаласында 10-12 шілде күндері ұлттық спортшымыз теңге ілуден ересектер арасында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында «Жеті құт» сайысы бойынша спортшымыз Дәулетияр Сапарәлі І орын жеңіп алып, жарыс жеңімпазы атанды. Осылайша, жалпы командалық есепте Қызылорда облысы ІІІ орын иеленді. Жаттықтырушысы: Айдар Исраыл. Команда жетекшісі: Сламхан Боранбаев.

ерекше болды. Ол шәкіртімізді әрдайым бақылап, жігерлендіріп, барлық жағдайын жасап берді. Осы орайда Артур мырзаға алғысымыз шексіз. Болашақта бұдан да биік белестерге жететінімізге сенімдіміз, — деді жоғары санатты жаттықтырушы Айдар Ерәлиев.

— Жарыс өте жоғары деңгейде өтті. Біз дайындықты наурыз айында бастап кеттік. Алматы қаласындағы базада оқу-жаттығу жиынын өткіздік. Әрине, қиындықтар болды. Бірақ соның бәрін еңсеріп, жеңіске қол жеткіздік. Жалпы жарыстың өзі бір сын болса, оған дейінгі дайындық нағыз шыдамдылықты шыңдайтын кезең. Сол кезеңді

ғой. Біздің де арманымыз, мақсатымыз сол. Бізге қолдау білдірген баршаңызға алғысымды білдіремін, — Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Азия және Әлем чемпионатының жеңімпазы Ерасыл Саулебеков.

— Мен спортқа 9 жасымда келдім. Қазір тұрақты түрде жаттығып жүргеніме 7 жыл болды. Осы уақыт ішінде мені жаттықтырып, әрдайым қолдау көрсетіп келе жатқан Айбол Алдабергенов, Жеңіс Алдабергенов және Марат Қайратов есімді бапкерлеріме ерекше алғыс білдіремін. Осы жеті жылдың ішінде талай қиындықты бірге еңсердік. Жарыс жоғары деңгейде ұйым-

Басы 1-бетте

ШАРШЫ АЛАНДЫ ШУЛАТҚАН ШЕБЕРЛЕР

БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕДЕ БІРІНШІ ОРЫН

Бұл бәсекеден бөлек, бұған дейін талай төрткүл дүние көз тіккен турнирлер өтіп жүр ғой. Соның барлығында дерлік қазақ боксшылары алдыңғы орыннан түскен емес. Сол секілді кешегі өткен жарыста ел қоржыны 8 алтын, 4 күміс, 4 қола медальмен байыды. Осылайша ұлттық құрамымыз жалпы командалық есепте бірінші орынға жайғасты. Ерлер арасында 50 келіге дейінгі салмақта Санжар Тәшкенбай топ жарса, Назым Қызайбай 48 келіге дейінгі салмақта дес бермеді. 55 келіде Махмұд Сабырхан ұрандатса, 60 келіде Виктория Графеева ерледі. 75 келіде Сабыржан Аққалыков алдына қара салмады, 70 келіде Наталья Богданова да жеңіске жетті. 85 келі салмақта Бекзат Нұрдаулетов алтыннан алқа тақса, 90 келіден жоғары салмақта Айбек Оралбай ел үмітін ақтады. Ал Алуа Балқыбекова (51 келі), Елдана Тәліпова (+80), Надежда Рябец (75 келі) қанжығасына күміс байласа, Нұрбек Оралбай (80 келі) да тұғырдың екінші сатысынан көрінді. Ертуған Зейнуллинов (65 келі), Сағындық Тоғамбай (90 келі), Айдана Забынбекова (57 келі), Аида Әбікеева (65 келі) қола жүлде иеленді.

Ел спортынан, оның ішінде бокстан хабар тарататын спорт журналисі Аслан Қаженев бұл жолы да бәсекенің басы-қасынан табылып, барлығын дүйім жұртқа баяндап отырды.

— Қазақстан құрамасы Астанада әлем кубогында рекордтық деңгейдегі медальді жеңіп алды. 8 алтын — жоғары көрсеткіш. Менің білуімше, бұған дейінгі көрсеткіш — 5 алтын. Астанадағы турнирде 16 спортшы жеңіс тұғырына көтерілді. Біріншіден, бұл — тарихи жарыс. World Boxing турнирі аясындағы әлем кубогы кезеңі — маңызды аламан. Екіншіден, қазақ жанкүйерлері осындай атой салар турнирді сағынды. Бұған дейін Азия чемпионаты, әлем чемпионаты әртүрлі деңгейдегі халықтаралық жарыстарды отандық телеарналар тікелей эфирден көрсетпейтін. Төрткүл дүние қазақтың боксты қалай жақсы көретінін, барынша қолдайтынын, жарыстарды ұйымдастыру деңгейіне куә болды. Талай додадан хабар тараттым. Бұл турнирдің деңгейі Олимпиададан кем емес, тіпті World Boxing ұйымы мамандарының өзі «шоқ» болды. Биыл жанкүйерлер қозғалысы қалыптасып, бокс десе, ішкен асын жерге қоятындар жиналды. Түскі сағат екіден түнгі сағат онға дейін тік тұрып, қолдады. Финалға Президент келіп, 4-5 кездесу тамашалағанының өзі турнирдің деңгейін көрсетті, — деді ол.

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» демекші, бұл жолғы бокстың деңгейі тым бөлек болды. Алғашқы күннен-ақ қарасы қалың көрермен барлығын назарда ұстап отырды. Барлық кездесулерді жүргізген комментатор Исатай Мәди де турнирдің деңгейіне, федерацияның жұмысына таңдай қақты. Басқа спорт түрінде де әлем кубогының этаптары, халықаралық турнирден деңгейі жоғары турнирлер әрдайым қызығушылық тудыратынын айтты. Сондай-ақ бұл ішкі бәсекең арттыруға көмектесетінін айтып, боксшылар деңгейін көтеріп, еліміз әуесқой бокс державасы екенін еске салар дода екенін де тілге тиек етті.

Бәрін қойшы, біздің спортшылар іріктеу не финал деместен жанын салып жұдырықтасты. Әсіресе ақтық сындағы Санжардың жеңіс сальтосы, Сағындықтың іріктеудегі жарқын сәттері,

Викторияның соңына дейін жан алысып, жан беріскені жанкүйерлердің жадында. Сарапшылар да қыздар арасындағы үздік финалист ретінде Виктория Графееваны мойындады. Оның жеңіліп жатып, қарсыласынан жеңісті жұлып алғаны үздік екенін көрсетті. Ал ерлер арасында Бекзат Нұрдаулетовтің жұдырықтасуы көпті қайран қалдырды. Өткен Әлем чемпионатынан кейін өзін жоғалтқандай көрінген спортшы түрлі сынақтардан сүрінбей өтіп, өз мәнерін қайта тапты. Қарсыласын төпелеп, білгенінен жаңылған жоқ. Шапшаң қимыл, сақ қозғалыс пен дәл соққы оның жеңіске жетеледі. Тіпті сол сәтте көзі қарақты көрермен шаршы алаңнан Нұрдаулетовті емес, Саттархановты көргендей күй кешті.

қатысқанында екі турнирдің арасы үш-ақ апта болған екен. Ал сол кездегі қабағынан алған жаракаты жазылып үлгермеген. Сол үшін маман Әлем чемпионаты алдында қос боксшы арасында спаринг өткізіп, шын мықтының топқа түскенін қалайды. Комментатордың айтуынша, Төрехан Сабырхан ересектер арасында кіл мықтымен күш сынасса да, жеңіске жетпеген. Мысалы, 70 келідегі өзбек мықтысы Асахужа Муйдинхужаев сияқты осы салмақтағы дүлдүлмен бетпе-бет келмегенді. Сондықтан Абылайхан мен Төреханның қайсысы жеңсе, сол алдағы аламанға барғанын құп көріп отыр.

— Әлеуметтік желіде Абылайхан мен Төрехан туралы көп талқыланып жатыр. Қазақстан бокс федерациясының бас хатшысы Мерей Ақшалов бұл бас бапкердің шешімі екенін, Қайрат Сатжанов осы турнирден кейін жауап беретінін айтқан. Сәйкесінше, біз де бас бапкердің қателігі деп ойлаймыз. Абылайханды жарыс басталмай тұрып, екі-үш күн бұрын көрдім. Қабағындағы жаракатын байқадым. Бапкерлер құрамында бір күн қалғанша таңдау болды. Олар Абылайханды қалдырды. Қабағының толық жазылмағанын біле тұра рингке шығарған бас бапкер және медицина маманына сұрау салу керек. Өкініштісі, Абылайханның денсаулығына кері әсер етті. Бар әлеуетті дұрыс пайдаланып, алдағы жарыстарда резервке де жүктемені тең бөлсек деген ұсыныс бар. Абылайхан қандай шешім болса да, бапкер шешімін қолдайтынын айтты. «Төреханға жолынды бер» деп жатса, дайынмын деп отыр. Ал Төреханның өзі әлі де нейтралды көзқараста жүр. Оған жас та болса, Әлем чемпионы атануға тапсырмас мүмкіндік туып тұр, — дейді спорт журналисі Аслан Қаженев.

Не керек, халық дүрліккен шешім ақырында қыркүйек айында қабылданды. Одан бұрын оларды екі жаттығу күтіп тұр. Ал құрамадағы орнын

нақ бекітіп, турнирде өзін көрсеткен — Сабыржан Аққалыков болды. Сарапшылар турнир жаңалығы да, үздік боксшысы да осы деп отыр. Өйткені Аққалыковтың финалда аутсайдер екенін айтқан көп болды. Жанкүйер де оның ақпалайтынына сенбеді. Бірақ ол жеңісті жұлып алғанымен қоймай, сауатты жұлдырықтасып, ерекше қарым-қабілетімен көзге түсті. Мамандар осы қарқыннан таймаса, оның Әлем чемпионатында атой салатынына сенімді.

— Боксшының бәрі — бір төбе. Төшкенбайдан бастап, Оралбайға дейін салмағы бар, атағы бар боксшылар. Солардың арасында Аққалыковты ерекше атап өткім келеді. Өткен жылы ғана 70 келі салмақта жүрді. Биыл Абылайханмен бәсекеге түспеу үшін 75 келіге салмақ көтергенге ұқсайды. Жаңа салмаққа бой үйренісіп, халықаралық турнирде топ жарды. Бірақ жанкүйер назарынан тыс қалды. Меніңше, ол нағыз арқасынан қағып, барынша демейтін спортшы. Сондықтан мен үшін турнир жаңалығы — Сабыржан Аққалыков, — дейді Исатай Мәди.

Қазақ боксы өлген емес, өлмейді де. Қазір бұл спортшылардың алтын дәуірі жүріп тұрғанын мойындауымыз қажет. Оны әлем елдері де мойындап қойған. Бірақ әрбір турнир сайын қыз-жігіттерді шамадан тыс мақтамай, қамшылап отырған жөн болатын секілді. Өйткені болмашыға мастанып, алдағы Әлем, Олимпиада ойындарында сүрініп жатса, өкініш көкесі сол кезде болады. Не де болса шаршы аланды шулатқан шеберлеріміздің алдағы байрақты бәсекелеріне сәттілік тілеп, көк туымыз көкте желбірейді деген сенімдеміз.

Бетті дайындаған
Нұр БАҚЫТ



Бағалау білеуік...

Әлеуметтік желіде әсерлі контенттің көбеюі, жарқ-жүркі еткен сәттер, бүгінгіше айтсақ «успешный успех» қазіргі жастарға түрлі ой салады. Көп адамның бойында ештеңеге үлгермей, бәрінен қалып барамын деген үрей бар секілді. Шынына келсек, әлеуметтік желіде әркім өзінің үздік жетістіктерін, мықты тұстарын ғана көрсетеді.

Соның әсерінен студенттер оқу оқып жүріп, қосымша іспен айналысып, табысты болғысы келсе, бала тәрбиесімен жүрген ана да «блогер болсам ба екен, әлде онлайн саудамен айналыссам ба?» деген ой үстінде. Тұрақты жұмысы бар, мамандығы бойынша еңбек ететін адамдардың өзі желідегі табысты жандарды көргенде ойланyp қалады. Байқап қарасақ, білім алу мен бала тәрбиесімен айналысу болашақта нәтижесін көрсететін өте маңызды жұмыс.

Жуырда танымал бір кісіге «Бәрі дамып, мен қатарластарымнан қалып кеткен секілдімін. Не істесем болады?» деген сарындағы сұрақ қойылды. «Ендеше, Instagram мен Tik Tok-ты өшір. Жан жағыңа қара. Сонда бәрі орнына келеді» деген жауап алды. Расымен де, басқалардың өмірін бақылаймыз деп күнделікті әдемі сәттерді байқамай жатамыз. Қит етсе, жағымсыз дүниелерге назарымыз түсетіні де рас. Үйде өзіңіз қалғанда не қоғамдық орындарға барғанда жан-жағыңызға зер салып қараңызшы. Көңілге шуақ сыйлайтын сәттерді міндетті түрде байқайсыз.

Бірде таныс студент қоғамдық көліктегі өзі кездескен оқиғаларды баяндап берді. Негізі үнемі қоғамдық көлік десе күту, кешігу, дауласу, тазалық мәселесі секілді жайлар ойға оралады ғой. Дегенмен қоғамдық көлікте де жаныңды жылытатын оқиғалар жиі болып тұрады.

Өткенде автобуста жаныма бір апа отырды. Көліктегі барлық терезе ашық тұр. Ішімнен «Апайға суық тиіп қалмаса болар еді, салқын қатты соғып тұр ғой» деп ойладым. Сөйтсем, ол кісі бір аялдамадан кейін-ақ түсті. Кетіп бара жатып кондукторға «Ана қызға салқын тиіп қалар, терезені ашып қойыпсыңдар. Жабыңдар» дейді ғой. Мен ол кісіні ойласам, танымайтын ол мені ойлапты.

Кеше автобуска 10-13 жас шамадағы бала мен кішкентай қыз мінді. Байқасам, сәл отырғаннан кейін ағасы еңкейіп, қарындасының сөмкесін жөндеп, аяқ киімін қарап, бауын жақсылап байлап берді. Қыз бала 2 не 3 сыныпта оқитын секілді, өзі жасай алатын жаста. Бірақ ағасының мейірімділігін қараңызшы. Төмен иіліп, киімін дұрыстап, жайлы орынға отыруына көмектесті. Қарындасының көзі мөлдіреп тұр. Суретке түсіруге ұялдым. Мейірім.

Ал енді бірде дәл түсер кезде телефоным өшіп қалды. Онлайн қаржыға сеніп, қолма-қол алып шықпаппын. Кондукторға «тоққа қосатын жер бар ма?» дей бергенім сол еді, жанымда отырған апай телефонын көрсетіп, «саған да төлей салдым» дейді ғой. Таңырқап қалдым.

Адам бар жерде бір-біріне деген қамқорлық пен мейірім бар. Тек соны байқай білсек болғаны. Ендеше онлайн көріністерге емес, өмірдің өзі сыйлайтын әдемі сәттерге назар аударайық, өзіміздегі барды құнсыздандырмайық, бағалайық.

А.ЖАҚСЫЛЫҚ

ТЕНДЕР — ТАБЫС КӨЗІ

Қазақстанда мемлекеттік сатып алу – бизнес бастауға таптырмас мүмкіндік. Дегенмен көпшілік бұл саланы күрделі, тіпті түсініксіз деп санайды. Тендер саласында 14 жылдық тәжірибесі бар, «Business tgz group» ЖШС-нің негізін қалаушы Қарлыға Тілеубековамен осы саланың қыр-сырына үңілдік.

– Білуімізше, сіз көптеген шәкіртке тендер туралы білім беріп жүрген білікті мамансыз. Тендер әлеміндегі әйел табысы туралы айтып беріңізші. Әйел адам ретінде ерлер басым салада табысқа жету қиын болды ма? Қандай кедергілермен бетпе-бет келдіңіз?

– Маған дәріс алуға көбіне әйел адамдар келеді. Себебі ер азаматтардың арасында әйелдің бизнеске араласуына әлі де күмәнмен қарайтындар көп. «Ұрынып қалады», «басқара алмайды» деген секілді теріс пікірлер нәзік жандардың сағын сындыруы мүмкін. Бұл – кез келген әйел кәсіпкердің алғашқы қадамын ауырлататын, жиі кездесетін кедергі. Тіпті жақын адамдарынан моральдық қолдау көрмегенде, олар өзіне сенуден қалып жатады.

Сондықтан мен тек тендер үйретіп қоймай, әйелдердің бойындағы қорқынышты жеңуге, сенімін нығайтуға тырысамын. Қазіргі әйел – тек ана, жар емес, табысты кәсіпкер бола алатын тұлға. Қолдау мен дұрыс бағыт болса, олар кез келген саланы меңгеруге қабілетті. Менің миссиям сол мүмкіндікті көрсету, демеу болу.

– Мемлекеттік сатып алуға енді ғана қадам басқан кәсіпкерлерге қандай кеңес берер едіңіз? Ең жиі жіберілетін қателіктер қандай?

– Бұл салаға жаңадан келетіндерге айтар басты кеңесім – өздігінше үйренуге тырыспаңыз. Орысша айтқанда, «самоучка» болу үлкен қателік. Заңды білмей, интернеттен сенімсіз ақпараттарға сүйеніп әрекет ету құрдымға апарады. Ең бастысы – сапалы білім алу керек. Техникалық сипаттамаларды дұрыс зерттеу, нарықтағы бағаны нақты бағалау, қандай

тендерге қатыспау керек екенін білу табыстың алғы-шарты.

– Қазақстандағы тендер жүйесінің қазіргі жағдайын қалай бағалайсыз? Жүйені жақсарту үшін не істеу керек?

– Жүйенің әлсіз тұстары бар. Ең алдымен, тапсырыс беруші тарапынан техникалық мінездеме нақты әрі адал жасалуы қажет. «Біреуге бейімделген» байқаулардан арылуымыз керек. Сонымен қатар заңнама жиі өзгереді, бұл қатысушы тарапқа ынғайсыздық тудырады. Саланы тұрақты әрі түсінікті ету – жүйенің ашықтығы мен әділдігі үшін маңызды деп ойлаймын.

– Тендер арқылы табыс табу туралы айтып берсеңіз. Сіздің курсыңыздан кейін нақты нәтиже көрсеткен оқырмандар болды ма? Кәсіпкерлік пен тендердің байланысы қандай?

– Иә, өзінің маманданған саласынан кетсе де, белгілі бір жетістікке жетіп, бүгінде наным осы бағыт арқылы тауып отырған шәкірттерім жеткілікті. Көлік алып, үйлі болып, қуанышымен бөліскендер көп. Солардың бірі – атыраулық Жанна есімді әйел кісі. Оның бес баласы бар, бірақ отбасын өзі осы тендердің арқасында асырап

отыр. Бүгінде цех ашып, ет сататын дүкені іске қосылды.

Одан бөлек, Шолпан есімді жас ана б о л д ы . Ол үйде отырып-ақ бір-неше компанияға қызмет көрсетіп үлгерді. Тіпті шетелде жұмыс істеп келген Нұрсұлтан есімді азамат та осы саланың арқасында нәпақасын тауып отыр. Осындай жетістікке жеткен шәкірттерді айта берсем көп.

– Жастардың бизнеске қызығушылығы қалай өзгеріп жатыр? Қандай бағыттар келешекте сұранысқа ие болады?

– Олардың қызығушылығы артпаса кемімейтіні анық. Себебі заман осыны талап етіп тұр. Оқуға студенттер де келеді. Ең жақсысы – жастар жұмыстан қашпайды. Керісінше ақша табудың оңтайлы жолын іздейді. Өкінішке қарай, табыс табудың жеңіл түрін іздейтін жастар да бар. Алайда олар мұның пайда әкелмейтінін түсінсе екен деймін. «Тегін дүниенің түбі тұзақ» демекші, арзан білімге құмартпай, білікті маманнан сапалы білім алғандарыңыз жөн. Ал болашақта сұранысқа ие болатын салалар қатарында – IT, программалау, құрылыс және сантехника сынды нақты бағыттар бар.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Нұршат НЫШАНОВА

ҚАЗАҚ АНИМАЦИЯСЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

3 шілдеден бастап «Қазақстан» телерадио-корпорациясының «Токты мен Серке» анимациялық фильмі кинопрокатқа шықты. Балалар өздеріне таныс кейіпкерлерді енді кинотеатрдан көре алады. Бұл – әзіл-қалжың мен шытырман оқиғаға толы анимациялық фильм.

Дыбыстарының өзі-ақ елең еткізетін мультфильмді көрермен де жылы қабылдады. Маңғаз әрі ақылды тоқты мен көш бастап жүретін серкенің оқиғалары тым қызық-ақ. Туынды тек күлдіріп қана қоймайды, ой тастап, достық пен адалдыққа, қайсарлыққа баулиды.

– 2022 жылдан бері «Balapan» телеарнасынан үздіксіз шығып келе жатқан мультхикаяның алты маусымы да жоғары рейтинг көрсетті. Осыған орай, арнаның 15 жылдығы аясында анимациялық мультхикаяның толықметрлі нұсқасы әзірленіп отыр. Кинопрокатқа арналған жобаның жаңа маусымы жаңа оқиғаларға құрылған. Сондықтан бұл отбасылық туынды тек балалардың емес, ересектердің де көңілінен шығады деген ойдамыз. Фильм жазғы демалыс бойы еліміздің 28 қаласындағы 80-ге жуық кинотеатрда көрсетіледі, – деді басқарма төрайымы Ләззат Танысбай.

Басқарма төрайымы биыл прокатқа шыққан «Шоқан. Қашқарияға сапар», «Желаяқ» туындылары да арнаның 15 жылдығы



қарсаңында көрермендерге тарту екенін жеткізді.

Иә, «Balapan» арнасында бүгінге дейін «Токты мен Серке» мультхикаясының 6 маусымы, 78 сериясы жарық көрді. Ал толықметрлі нұсқасында жаңа оқиға бейнеленген.

– Балалармен «Токты мен Серке» мультфильмін көріп қайтық, 3D форматта, ерекше эффектке бай, күшті мультик болып шығыпты.

Мультфильмді әсерлі етіп тұрған тағы бір нәрсе – тілі. Әсіресе күлкілі сөздерді көбірек қосқан. Сол арқылы балаларды баурай түседі. Бұзаудың бұқаға: «Әке, бүжәйді әтәт деші», – дегені немесе иттің (Гектор) қоянға (Қыли) көлігін беріп тұрып: «Сергекке түсіп қалма, байқа», – деуі, Токты мен Серкенің арасындағы диалогтар, басқа да осы секілді трендтегі әзілдер езуге күлкі үйіреді. Бұл

жағынан мультфильмнің режиссері әрі сценарий авторы Батырхан Дәуренбеков бала тілін жақсы білетіндігімен ерекшеленіп тұр.

Негізінде бұл мультфильм баяғыда «Қазақфильмнің» тапсырысымен «Қошқар мен Теке» болып шыққан кезінде-ақ өзін дәлелдеді. Сол кезде қалғып кеткен қазақ анимациясы қайта тіріліп еді. Бұл жолы да «Balapan» телеарнасының тапсырысымен жасалған «Токты мен Серке» тамаша туынды болған екен. Авторларға алғыс! – деп жазды журналист Серікбол Хасан.

Иә, Қошқар мен Текенің диалогтары ел ішінде кең тарап, әсіресе «Білмеймін, Теке» деген сөзі қалжың әңгімелердің арасында жүретін.

Бұл жолы мультфильм арқылы балаларға ұрлық жасаудың дұрыс еместігі насихатталған. Туындыда Токты үнемі кітап оқып отырғанын байқайсың. Фильмнің режиссері және сценарий авторы Батырхан Дәуренбековтың айтуынша, бұл да балаларды кітапқа қызықтырудың тәсілі.

– Теледидар арқылы «Токты мен Серке» мультфильмін бұрыннан көремін. Сондықтан олар бізге өте таныс. Жаңа мультфильм де қызық екен. Олар қайтер екен деп ойланасың, кейбір жерінде күліп, қуанасың. Мұндай мультфильмдер бізге ұнайды, – деді 12 жастағы Расул Бақытжанұлы.

Расымен де, қазақ анимациясына сапалы мультфильм қосылғаны бізді де қуантты.

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ